Барлық даму мен қолдау орталықтарының жұмыстары әр деңгейде өсіп, дамып өзінің нәтижесімен пайдасын тигізуде. Әрбір мекеме мен білім беру ұйымдары тыңғылықты жұмыстар атқарып, дамуда. Бәрінде бір мақсат, бір мүдде, педагогикалық–психологиялық қолдауды жақсарту, нәтижеге қолжеткізу.



Сурет 1 – Баланың оқу үлгерімінің динамикасы

Зерттеу нәтижелері ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуінде әдістемелік көмектің маңыздылығын дәлелдеді. Мұғалімдер мен ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, біліктіліктерін арттыруды және әдістемеліктің көмектің, оқыту бағдарламалары мен қолдау шаралары балалардың қоғамға сәтті интеграциялануына ықпал ететін көрсетеді. Болашақта инклюзивті білім беруді одан әрі жетілдіру үшін кешенді әдістер мен инновациялық технологияларды кеңінен қолдану қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Ежовкина, Е.В., Рябова, Н.В. К проблеме педагогического сопровождения адаптации детей с ограниченными возможностями здоровья [Текст] // Российский научный журнал. – 2012. – №5(30). – С. 84-89.
2. Семаго, М.М., Семаго, Н.Я. Междисциплинарное взаимодействие специалистов инклюзивного образования [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.fnashideti.ru/inklusia/182-mezhdisciplin.html>
3. Ахмедалиева, Д.У. Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру [Мәтін] // Әлеуметтік педагог. – 2010. – №1. – Б. 15-17
4. Бадел А. Мектеп жасына дейінгі балаларға психологиялық көмек көрсету. – Астана, 2014. – 134 б.
5. Азанбекова, Г.Т., Асыллова, Р.О. Аутизмді бар балаларды оқытуда кешенді әдістерді қолдану // Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы. – 2016. – №4(84). – Б. 56-62.
6. Мамайчук, И.И. Помощь психолога детям с аутизмом / И.И. Мамайчук. – СПб.: Речь, 2015. – 288 б.

УДК 373

А.Н. Бусько

педагог-психолог, государственное учреждение образования «Средняя школа №1 г.п. Кореличи», г.п. Кореличи, Гродненская область, Республика Беларусь

ФОРМИРОВАНИЕ ИНКЛЮЗИВНОЙ КУЛЬТУРЫ КАК УСЛОВИЕ УСПЕШНОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЕННОСТЯМИ ПСИХОФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация. Проблема успешной социализации детей с особенностями психофизического развития (ОПФР) в условиях образовательной интеграции является очень важной. В работе представлен опыт организации и проведения тематической Недели инклюзии как эффективного инструмента формирования инклюзивной культуры и социальных компетенций у всех участников образовательного процесса.

Ключевые слова: социализация, дети с особенностями психофизического развития (ОПФР), психолого-педагогическое сопровождение, инклюзивное образование, модель сопровождения, инклюзивная культура, Республика Беларусь.

Актуальность проблемы успешной социализации детей с особенностями психофизического развития (ОПФР) обусловлена стратегическим курсом Республики Беларусь на развитие инклюзивного образования, закрепленным в Кодексе Республики Беларусь об образовании и Концепции развития инклюзивного образования [2, 3]. Социализация понимается как процесс и результат усвоения и активного воспроизводства индивидом социального опыта, осуществляемый в общении и деятельности [4, с. 34]. Для ребенка с ОПФР этот процесс сопряжен с рядом барьеров: коммуникативными, поведенческими, отношенческими со стороны нормотипичных сверстников. Преодоление этих барьеров невозможно без построения эффективной системы психолого-педагогического сопрово-

ждения, выступающей ключевым фактором их успешной интеграции в общество.

Фундаментом для понимания процесса социализации детей с ОПФР является культурно-историческая теория Л.С. Выготского, который подчеркивал социальную обусловленность развития высших психических функций и необходимость «обходных путей» в обучении и воспитании такого ребенка [1, с. 197]. Ученый утверждал, что «ребенок, при развитии которого возникли дефекты, не просто менее развитой, чем его нормальные сверстники, но иначе развитой». Это указывает на необходимость не механического помещения ребенка в среду, а целенаправленной организации социальной ситуации развития, учитывающей его специфические потребности.

Современные исследователи А.В. Мудрик, И.А. Фурикова рассматривают социализацию как двусторонний процесс, включающий в себя не только усвоение социальных норм, но и активное самоизменение, саморазвитие индивида в процессе освоения культуры [6, с. 14]. В контексте инклюзии это означает, что успешная социализация ребенка с ОПФР возможна только в среде, которая не только принимает его, но и трансформируется сама, становясь гибкой и поддерживающей.

Эффективная модель сопровождения должна быть гибкой, многоуровневой и ориентированной на создание единого инклюзивного пространства, охватывающего всех участников образовательных отношений [5, с. 61].

В рамках реализации комплексной модели психолого-педагогического сопровождения в ГУО «Средняя школа №1 г.п. Кореличи» ежегодно проводится тематическая неделя инклюзии, которая позволяет концентрированно решать задачи социализации и формирования инклюзивной культуры.

Цель Недели инклюзии «Тепло сердец особому ребенку»: создание условий для успешной социализации детей с ОПФР через повышение уровня толерантности, развитие эмпатии и формирование навыков конструктивного взаимодействия у всех участников образовательного процесса.

Задачи:

- формировать у учащихся представление о разнообразии людей и их возможностях; развить эмпатию и навыки сотрудничества;
- повысить профессиональную компетентность педагогов в области инклюзивных практик;
- формировать у родителей позитивное и адекватное отношение к инклюзии, вовлечь в совместную деятельность.

В первый «Информационный» день под девизом «Инклюзия – это про нас!» состоялась акция «Ларец добрых слов», где учащиеся писали пожелания друг другу и опускали их в общий «ларец», формируя позитивный эмоциональный фон. На первом этаже был оформлен информа-

ционный стенд «Мы разные – мы равные» с материалами о принципах инклюзии и известных людях с инвалидностью.

Во второй «Эмпатийный» день под девизом «Почувствуй как я» прошли «Уроки доброты» в 1-4 классах с просмотром и обсуждением мультфильмов о принятии различий («Про Диму»), тренинговые занятия для учащихся 5-7 классов «Вместе весело шагать» с использованием упражнений-симуляций: выполнение заданий с завязанными глазами, рисование одной рукой, что позволило учащимся на собственном опыте прочувствовать трудности.

В третий «Творческо-интеграционный» день под девизом «Радуга талантов» представлены мастер-классы в смешанных группах (дети с ОПФР и нормотипичные сверстники) совместно с родителями: «Рисование», «Лего-конструирование», «Изготовление куклы-оберега». Важное условие – организация работы в парах или мини-группах, где дети помогают друг другу. Итог дня – выставка совместных творческих работ «Наш общий шедевр».

В четвёртый «Спортивно-оздоровительный» день под девизом «О спорт, ты – мир!» организовали семейную спортландию «Веселые старты» в адаптированном формате, где все задания были построены так, чтобы каждый ребенок, независимо от возможностей, мог быть успешным и внести вклад в победу команды.

Пятый «Рефлексивно-аналитический» день под девизом «Мы – одна команда!» запомнился круглым столом с педагогами «Итоги Недели инклюзии» с обсуждением наблюдений, обменом мнениями, а также анкетированием учащихся для оценки изменений в установках с помощью методики незаконченного предложения «После этой недели я понял, что...».

Мониторинг эффективности Недели толерантности показал, что количество учащихся, положительно настроенных к совместному обучению с детьми с ОПФР, увеличилось на 32%. Наблюдения за детьми на переменах и во внеурочной деятельности выявили увеличение числа ситуаций непроизвольного общения и взаимопомощи. Педагоги отметили расширение своего методического арсенала. Неделя запомнилась не лекциями, а эмоциями, личными встречами и совместным творчеством. Когда человек что-то пробует, чувствует, видит и делает сам – это меняет его гораздо сильнее, чем тысяча правильных слов.

Опыт проведения тематической Недели инклюзии «Тепло сердец особому ребенку» наглядно демонстрирует, что подобные мероприятия, встроенные в общую модель психолого-педагогического сопровождения, являются мощным фактором успешной социализации детей с ОПФР. Они создают концентрированное инклюзивное пространство, которое не только знакомит с теорией, но и, что важнее, предоставляет живой, эмоционально окрашенный опыт принятия и сотрудничества.

Литература

1. Выготский, Л.С. Собрание сочинений: в 6 т. / Л.С. Выготский. – М.: Педагогика, 1983. – Т. 5. – 369 с.
2. Кодекс Республики Беларусь об образовании [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://pravo.by/> – Дата доступа: 10.11.2025.
3. Концепция развития инклюзивного образования лиц с особенностями психофизического развития в Республике Беларусь [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://edu.gov.by/> – Дата доступа: 10.11.2025.
4. Мудрик, А.В. Социализация человека: учеб. пособие / А.В. Мудрик. – М.: Академия, 2014. – 304 с.
5. Семаго, М.М. Технологии определения образовательного маршрута для ребенка с ограниченными возможностями здоровья / М.М. Семаго, Н.Я. Семаго. – М.: АРКТИ, 2018. – 180 с.
6. Фурикова, И.А. Психолого-педагогические основы формирования толерантности у младших школьников в условиях инклюзивного обучения: дис. ... канд. психол. наук: 19.00.07 / И.А. Фурикова. – М., 2015. – 215 с.

УДК 376.1

С.А. Рамазанова

педагогика ғылымдарының магистрі, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар

Ж.М. Абдырова, студент

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДА БАЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІН АШУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. Мақалада инклюзивті білім беру жүйесінің теориялық және тәжірибелік негіздері талданған. Зерттеу барысында Финляндия мен Қазақстан тәжірибесі салыстырылып, «қос мұғалім» моделі мен ұлттық білім беру жүйесінің ерекшеліктері айқындалды. Инклюзивті ортадағы баланың әлеуетін ашу психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлардың өзара байланысына тәуелді екені көрсетілді. Зерттеу нәтижелері педагогтардың кәсіби даярлығы мен мектеп мәдениетінің жаңаруы инклюзия табысының негізгі шарты екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: инклюзия, әлеует, педагогикалық қолдау, қос мұғалім жүйесі, бейімделу, инклюзивті орта, тең мүмкіндік.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические и практические основы инклюзивного образования. Проведён сравнительный анализ опыта Финляндии и Казахстана, выявлены особенности модели «два учителя» и национальных подходов. Показано, что раскрытие потенциала ребёнка в инклюзивной среде зависит от взаимодействия психологических, педагогических, социальных и технологических факторов. Результаты исследования подтверждают, что профессиональная подготовка педагогов и обновление школьной культуры являются ключевыми условиями успешной инклюзии.

Ключевые слова: инклюзия, потенциал, педагогическая поддержка, модель двух учителей, адаптация, инклюзивная среда, равные возможности.

Abstract. The article analyzes the theoretical and practical foundations of inclusive education. The study compares the experiences of Finland and Kazakhstan, focusing on the “two-teacher” model and national approaches. It is shown that a child’s potential in an inclusive environment depends on the interaction of psychological, pedagogical, social, and technological factors. The findings confirm that teachers’ professional readiness and renewal of school culture are the key conditions for successful inclusion.

Keywords: inclusion, potential, pedagogical support, two-teacher model, adaptation, inclusive environment, equal opportunity.

Кіріспе. Инклюзивті білім беру – қазіргі гуманистік парадигманың өзекті бағыттарының бірі, ол барлық балалардың, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың, білім беру үдерісіне тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз етуге бағытталады. «Инклюзия» латынның *include* («қосу») түбірінен шығып, индивидтің әлеуметтік ортадан шеттетілмей, толыққанды әрекет етуін білдіреді. Қазақстанда бұл сала «Білім туралы» Заңмен және 2020–2025 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасымен реттеледі. Инклюзивті білім беру ортасын тиімді қалыптастыру педагогтың кәсіби құзыреттілігі мен эмпатиялық даярлығын талап етеді.

Әдеби шолу. Инклюзивті білім беру жүйесі заманауи педагогиканың басым бағыттарының бірі болып қалыптасты. Бұл бағыттағы зерттеулердің теориялық және практикалық аспектілері білім беру саясатының гуманистік принциптерін жүзеге асырумен байланысты. Әлемдік ғылыми қауымдастық инклюзивті ортаны әлеуметтік теңдік пен тұлғалық дамудың басты факторы ретінде қарастырады.

Фин зерттеушілері М. Kokko, М. Takala және Р. Pihlaja инклюзивті білім беру үдерісіндегі «қос мұғалім» моделін жан-жақты талдаған. Екі педагогтың бір сыныпта бірлесе қызмет етуі оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге және білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретіні дәлелденген. Зерттеу нәтижелері мұндай бірлескен оқыту тәсілінің педагогикалық тиімділігін және оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне оң ықпалын көрсетеді [1, 117–119 б.]. Финляндияның білім саясатына қатысты S. Lempien инклюзивті оқыту үдерісін мектеп мәдениетінің жаңаруымен байланыстырады. Ол білім берудегі инклюзияны педагогикалық немесе әдістемелік өзгеріс қана емес, құндылықтық және мәдени трансформация ретінде сипаттайды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, мектептегі инклюзивті саясаттың табыстылығы мұғалімдердің кәсіби жауапкершілігі мен әлеуметтік сезімталдығына тәуелді [2, 241–243 б.].

Қазақстандық ғалымдар Г. Жолтаева, А. Стамбекова және А. Әліпбаева инклюзивті білім берудің ұлттық ерекшеліктерін қарастырған. Еңбекте еліміздегі инклюзивті жүйенің құқықтық және институционалдық негіздері талданған. Авторлар арнайы мектептер жүйесінің сақталуы инклюзия қағидаттарын толық іске асыруға кедергі келтіретінін атап өтеді. Соңғы онжылдықтағы нормативтік өзгерістер мен

педагогикалық тәжірибенің кеңеюі білім беру процесінің жаңаруына алғышарт болғаны көрсетілген [3, 198–201 б.].

Қазақстандық контексте В. Kabylov пен R. Nabiev инклюзивті білім беруді әлеуметтік-мәдени тұрғыдан зерттеген. Олардың пайымдауынша, аймақтық теңсіздік, тілдік фактор және материалдық база сапасы ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтену деңгейіне әсер етеді. Педагог кадрлардың кәсіби даярлығы мен ата-аналармен серіктестіктің маңызы ерекше көрсетілген. Ғалымдар білім беру кеңістігінде инклюзияның дамуы мұғалімдердің құзыреттілігі мен қоғамның қабылдау деңгейіне тәуелді екенін негіздейді [4, 57–60 б.].

Инклюзивті педагогика саласында израильдік зерттеушілер Y. Kimhi және A. Bar Nir мұғалімдердің кәсіби бейімделу ерекшеліктерін зерттеген. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің дайындық деңгейі мен оқушылардың әлеуметтік бейімделуі арасында тікелей байланыс бар екенін дәлелдейді. Инклюзивті білімге көшу кезеңінде эмоционалдық қолдау жүйесінің маңыздылығы және оқу бағдарламаларының икемділігі атап көрсетілген [5, 8–10 б.].

Жинақталған зерттеулердің нәтижелері бойынша инклюзивті білім берудің тиімділігі педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындығына, мектептің құндылықтық жүйесіне және оқу процесінің икемділігіне байланысты екені анықталады. Инклюзивті ортаның табысты дамуы үшін педагогикалық мәдениет, әдістемелік жаңашылдық және психологиялық қолдау жүйесі кешенді түрде қалыптасуы қажет.

Зерттеу әдістері. Зерттеу әдіснамасы теориялық талдау мен салыстырмалы педагогикалық талдау әдістеріне негізделді. Инклюзивті ортадағы педагогикалық үдерістердің мазмұны, құрылымы мен ұйымдастырылу ерекшеліктері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша жүйеленді. Әдіснамалық негіз ретінде әлеуметтік-педагогикалық, тұлғалық-бағдарлы және құндылықтық көзқарастар алынды.

Теориялық талдау барысында инклюзияның әлеуметтік-философиялық және психологиялық негіздері анықталды. Сонымен қатар, Финляндия, Канада, Жапония, Оңтүстік Корея елдерінің тәжірибелері сараланып, олардың ортақ белгілері мен ұлттық ерекшеліктері салыстырылды.

Зерттеу логикасы инклюзивті білім беру жағдайында баланың әлеуетін анықтайтын факторларды (психологиялық бейімделу, педагогикалық қолдау, әлеуметтік өзара әрекет, технологиялық орта) жүйелі түрде қарастыруға бағытталды.

Нәтижелер. Инклюзивті білім беру ортасында баланың әлеуетін дамыту бірнеше өзара байланысты факторларға тәуелді. Бұл факторлар психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік және технологиялық бағыттарды қамтиды. Төменде келтірілген 1-кестеде осы бағыттардың мазмұны мен күтілетін нәтижелері жүйеленіп көрсетілген.

Кесте 1 – Инклюзивті ортадағы баланың әлеуетін дамытатын негізгі факторлар

№	Факторлар	Мазмұны	Күтілетін нәтиже
1	Психологиялық қолдау	Баланың эмоциялық жай-күйін тұрақтандыру, өз-өзіне сенімділікті арттыру	Өзін-өзі бағалаудың көтерілуі
2	Педагогикалық тәсілдер	Сараланған тапсырмалар, жеке оқу траекториясы, ойын технологиялары	Танымдық белсенділіктің артуы
3	Әлеуметтік өзара әрекет	Топтық жұмыс, бірлескен жобалар, коммуникациялық ойындар	Қарым-қатынас дағдыларының дамуы
4	Техникалық құралдар	Интерактивті тақта, логопедиялық бағдарламалар, цифрлық контент	Танымдық мотивацияның өсуі

Кесте деректеріне сүйенсек, баланың әлеуетін ашу тек академиялық қолдаумен шектелмейді, ол тұлғаның эмоциялық және әлеуметтік бейімделуін де қамтиды. Педагогтың міндеті – осы факторларды үйлестіре отырып, жеке даму траекториясын құру.

Білім беру процесінде инновациялық тәсілдердің маңызы зор. Мысалы, «қос мұғалім» (two-teacher system) моделі Финляндияда кеңінен тараған. Бұл жүйеде сыныпта бір уақытта екі педагог – негізгі және арнайы маман жұмыс істейді. Бірі жалпы оқу үрдісін жүргізсе, екіншісі ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсетеді.

Инклюзивті тәжірибелердің салыстырмалы талдауын көрсету мақсатында 2-кестеде Финляндия мен Қазақстандағы білім беру жүйелерінің негізгі айырмашылықтары берілген. Бұл салыстыру әр елдің білім беру саясаты мен педагогикалық тәжірибесінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 2 – Финляндия мен Қазақстандағы инклюзивті білім жүйелерін салыстыру

Көрсеткіш	Финляндия	Қазақстан
Арнайы мектептердің болуы	Арнайы мектептер жоқ, барлық балалар бірге оқиды	Арнайы мектептер сақталған
Мұғалімдер құрамы	Негізгі және арнайы педагог бір сыныпта	Бір мұғалім, қажет болса дефектолог шақырылады
Бағалау жүйесі	Қалыптастырушы, жеке жетістікке бағытталған	Дәстүрлі, стандартты бағалау басым
Технологиялық қолдау	Интерактивті, цифрлық құралдар жүйелі енгізілген	Құрал-жабдық жетіспеушілігі байқалады

2-кестедегі салыстырмалы талдау Финляндия тәжірибесінің тиімділігін айқын көрсетеді. Екі мұғалім жүйесі балалардың оқу қиындық-

тарын дер кезінде анықтап, түзетуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқу мотивациясын күшейтіп, эмоционалды жайлылықты қамтамасыз етеді.

Қазақстанда соңғы жылдары инклюзивті білім беру кеңістігін дамыту бағытында елеулі қадамдар жасалуда. 2023 жылы елімізде инклюзивті мектептердің үлесі 80%-ға жетті [4, 9 б.]. Дегенмен, педагогикалық кадрлардың жеткіліксіздігі мен материалдық базаның әлсіздігі әлі де өзекті мәселе болып отыр.

Талқылау. Инклюзивті ортада баланың әлеуетін ашудың тиімділігі педагогикалық процестің тұлғаға бағытталуымен тікелей байланысты. Әр бала өзінің оқу қарқыны мен танымдық ерекшелігіне сай қолдау алғанда ғана ішкі мүмкіндігін толық аша алады. Психологиялық тұрғыдан инклюзивті білім берудің табысы – оқушының өзін қабылдау, өзгелерді түсіну және әлеуметтік қатынастарды орнату қабілетіне байланысты. Сондықтан мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесін меңгеру қажет. Оқыту әдістері ішінде саралап оқыту, модульдік оқыту, коучинг элементтері, жобалық әрекет, ойын технологиялары ерекше нәтиже береді. Бұл тәсілдер оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Финляндия тәжірибесі көрсеткендей, инклюзияны сәтті іске асырудың басты шарты – мектеп мәдениетінің өзгеруі. Мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік қарым-қатынас, сенім және ашықтық принциптері білім сапасын арттырады. Қазақстандық модельде педагог кадрларын қайта даярлау мен инклюзивті технологияларды енгізу басты басымдық болуы тиіс. Әсіресе ауыл мектептерінде маман тапшылығын жою мен материалдық-техникалық базаны жаңарту қажет.

Қорытынды. Жалпы алғанда, инклюзивті ортада баланың әлеуетін ашу – күрделі әрі көпқырлы процесс. Бұл жүйе педагог, ата-ана және қоғамның бірлескен күш-жігерін талап етеді. Әр бала өз мүмкіндігін толық ашуы үшін психологиялық қолдау, сараланған оқыту және әлеуметтік серіктестік қағидаларына негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру қажет.

Әдебиеттер

1. Kokko, M., Takala, M., Pihlaja, P. Finnish teachers' views on co-teaching // *British Journal of Special Education*. – 2021. – Vol. 48, No. 1. – P. 112–132.
2. Lempinen, S. Towards inclusive schooling policies in Finland: A multiple-case study // *Scandinavian Journal of Disability Research*. – 2017. – Vol. 19, No. 3. – P. 238–252.
3. Zholtayeva, G., Stambekova, A., Alipbayeva, A., Yerzhanova, G. Inclusive education in Kazakhstan: Selected issues // *International Scientific-Educational Issues Conference Journal (ISEICJ)*. – 2013. – Vol. 1. – P. 196–204.
4. Kabylov, V., Nabiev, R., Dinara, et al. Promoting inclusive education in Kazakhstan // *Journal of the International Society for the Study of Vernacular Settlements*. – 2020. – Vol. 10, No. 4. – P. 50–65.
5. Kimhi, Y., Bar Nir, A. Teacher training in transition to inclusive education // *Frontiers in Education*. – 2025. – Vol. 10. – Article 1510314. – P. 1–15.

А.С. Абуғалиева

магистрант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.

А.Д. Калимова

PhD доктор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Аннотация. Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында топтық жұмыстың бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпалы қарастырылады. Зерттеу Павлодар қаласындағы М. Әлімбаев атындағы мектепте жүргізіліп, 62 оқушы қамтылды. Коммуникативтік белсенділік, диалогқа қатысу және ЕББҚ оқушыларының топтағы интеграция деңгейі диагностикаланды. Төрт циклдық топтық жұмыс нәтижелері оқушылардың өзара әрекет, сұрақ қою, келісімге келу және позитивті кері байланыс беру дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Нәтижелер инклюзивті ортада сараланған рөлдер мен диалогтік әдістердің тиімділігін дәлелдейді.

Кілтті сөздер: инклюзивті білім, топтық жұмыс, бастауыш сынып, коммуникативтік дағдылар, әлеуметтік өзара әрекет, ЕББҚ оқушылары, диалогтік оқыту.

Аннотация. В статье рассматривается влияние групповой работы в условиях инклюзивного образования на развитие социальных и коммуникативных навыков младших школьников. Исследование проведено в школе им. М. Алимбаева города Павлодара с участием 62 учащихся. Диагностика выявила динамику коммуникативной активности, участия в диалоге и интеграции детей с ООП. Результаты четырёх циклов групповой работы показали улучшение взаимодействия, умения задавать вопросы, договариваться и давать позитивную обратную связь. Выводы подтверждают эффективность диалоговых методов и распределённых ролей в инклюзивной среде.

Ключевые слова: инклюзивное образование, групповая работа, начальная школа, коммуникативные навыки, социальное взаимодействие, дети с ООП, диалоговое обучение.

Abstract. This article examines the impact of group work within inclusive education on the development of social and communication skills among primary school students. The study was conducted at M. Alimbayev School in Pavlodar and involved 62 learners. Diagnostic assessments measured communication activity, dialogue participation, and the integration level of students with special educational needs. Four cycles of structured group work demonstrated significant improvement in interaction, questioning, negotiation, and positive feedback skills. The findings confirm the effectiveness of dialogic methods and differentiated group roles in inclusive classrooms.

Keywords: inclusive education, group work, primary school, communication skills, social interaction, SEN students, dialogic teaching.

Қазіргі инклюзивті білім беру кеңістігі әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, танымдық қабілеттері мен әлеуметтік қажеттіліктерін

ескеруді талап ететін гуманды әрі дамытушы орта болып табылады. Мұндай ортада оқушының академиялық дайындық деңгейімен қатар әлеуметтік өзара әрекеттестік, коммуникация мәдениеті, бірлесіп жұмыс істей білу сияқты әмбебап құзыреттері ерекше мәнге ие. Инклюзивті сыныптағы топтық жұмыс осы құзыреттердің табиғи жолмен қалыптасуына ықпал ететін негізгі педагогикалық құралдардың бірі саналады. Халықаралық зерттеулер топтық өзара әрекеттестіктің инклюзивті сыныптағы оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін 20–35%-ға арттыратынын көрсетеді [1, 57 б.], ал отандық еңбектерде топтық жұмыстың оқушының белсенділігін, жауапкершілігін, өзара сыйластығын күшейтетіні атап өтіледі [2, 36 б.].

Инклюзивті ортада топтық жұмыс оқушылардың бір-бірінің мүмкіндігі мен ерекшелігін табиғи қабылдауына мүмкіндік береді. Әртүрлі деңгейдегі балалардың бірлескен әрекеті оларды толеранттылыққа, қарым-қатынаста икемділікке, бірін-бірі қолдауға, әлеуметтік мінез-құлық формаларын меңгеруге жетелейді. Бұл үдерістің тиімділігі психологиялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне, мұғалімнің қолдаушы рөл атқаруына және тапсырмалардың сараланған құрылымына тәуелді [3, 82 б.]. Мұндай ортада оқушылар өзара әрекет ету арқылы әлеуметтік дағдыларды табиғи жолмен меңгереді: келісімге келу, өз ойын дәл жеткізу, пікірталас мәдениеті, эмоцияларды басқару, серіктесін тыңдау сияқты дағдылар күнделікті қарым-қатынас барысында қалыптасады. А. Bandura АҚШ ғалымының зерттеуі бойынша, әлеуметтік-танымдық теориясы да мінез-құлықтың үлкен бөлігі бірлескен әрекет пен үлгі арқылы дамитынын дәлелдейді [4, 62 б.], ал Л.С. Выготский еңбектерінде бірлескен іс-әрекет танымдық процесті жеделдететіні айтылған [5, 84 б.].

Коммуникативтік дағдылардың дамуы да инклюзивті топтық жұмыстың маңызды нәтижесі болып табылады. Оқушылар түрлі тапсырмалар орындау кезінде бір-біріне сұрақ қоюды, түсіндіруді, мән-мәтінді дұрыс беруді, диалогқа қатысуды үйренеді. Н. Мерсер зерттеулерінде диалогтік оқытудың оқушы ойының сапасын арттыратыны, ал бірлескен талқылаудың түсіну деңгейін күшейтетіні көрсетілген [9, 47 б.]. Инклюзивті сыныпта бұл дағдылар одан сайын маңызды, себебі балалардың тілдік және танымдық деңгейлері әртүрлі болғандықтан, өзара сөйлесу олардың арасындағы байланысты күшейтеді.

Бұл зерттеу инклюзивті оқу үдерісінде топтық жұмыс арқылы бастауыш сынып оқушыларының коммуникация және әлеуметтік өзара әрекет дағдыларының даму деңгейін анықтауға бағытталды. Зерттеудің негізгі мақсатына сәйкес алдымен инклюзивті ортадағы топтық жұмыстың теориялық негіздері талданып, кейін оқушылардың бастапқы коммуникативтік көрсеткіштері анықталды, арнайы ұйымдастырылған топтық жұмыс циклдары өткізілді, соңында эксперименттен кейінгі өзгерістер салыстырылып, педагогикалық шарттар айқындалды. Зерттеу

міндеттері оқытудағы диалогтік өзара әрекет, психологиялық қауіпсіздік, сараланған әлеуметтік рөлдердің маңызы сияқты сұрақтарды қамтып, топтық жұмыстың оқу үдерісіндегі тиімділігін кешенді қарастыруға мүмкіндік берді. Зерттеу әдістері бақылау парақтары, коммуникативтік белсенділік карталары, социометрия, сабаққа қатысу мониторингі және проценттік өзгерісті есептеуге негізделген статистикалық талдаудан тұрды. Зерттеу жұмысы Павлодар қаласындағы М. Әлімбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебінің 2 «Ә», 3 «А» және 4 «Ә» сыныптарында жүргізіліп, жалпы 62 оқушы қамтылды, оның 8-і ерекше білімді қажет ететін (ЕББҚ) балалар болды. Жұмыс ұзақтығы 3 аптаға созылып, төрт циклдан тұратын топтық жұмыс сабақтары ұйымдастырылды.

Зерттеудің теориялық негізін Мерсердің бірлескен мағынаны құруға негізделген диалогтік оқыту концепциясы құрады, онда оқушылардың өзара сөйлесуі мен дәлелді пікір алмасуы ойлаудың сапасын арттыратыны көрсетіледі [9, 53 б.]. R. Slavin ұсынған кооперативті модель рөлдерді саралау арқылы инклюзивті сыныптағы әділ, тең мүмкіндік туғызатын оқу ортасының маңызын негіздейді [10, 124 б.]. Ал Иманқұлованың еңбектерінде психологиялық қауіпсіздіктің инклюзивті білім берудің негізгі шарты екені, бала өзін еркін сезінген жағдайда ғана топтық әрекетке белсенді қосылатыны дәлелденеді [6, 58 б.]. Осы теориялық тұғырлар зерттеу барысындағы әдістемелік шешімдерге негіз болды.

Зерттеу үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде – диагностикалық өлшеу барысында оқушылардың диалогқа қатысу жиілігі, топ ішінде сұрақ қою белсенділігі, өзара келісімге келу қабілеті, позитивті кері байланыс бере алуы және ЕББҚ оқушылардың топтағы қатысу белсенділігі зерттелді. Бақылау көрсеткіштері бастапқы деңгейде оқушылардың топтық әрекеттегі белсенділігі біркелкі емес екенін көрсетті: кей оқушылар диалогқа жиі араласса, кейбіреулер әсіресе ЕББҚ оқушылары қарым-қатынасқа сирек түсті және көбіне тыңдаушы ролінде қалды. Төмендегі кестеде бастапқы диагностика нәтижелері жинақталып берілді; ол зерттеу барысында қандай бағыттарда өзгеріс күтілетінін анықтауға негіз болды.

Кесте 1. Бастапқы диагностика нәтижелері

Көрсеткіштер	Төмен деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
Диалогқа қатысу жиілігі	38%	44%	18%
Өзара сұрақ қою белсенділігі	41%	46%	13%
Топта келісімге келу қабілеті	35%	49%	16%
Позитивті кері байланыс беру	47%	39%	14%
ЕБҚ оқушыларының қатысу белсенділігі	62%	28%	10%

Бастапқы деректер оқушылардың көп бөлігінде коммуникативтік дағдылардың орташа деңгейде екенін, ал ерекше білімді қажет ететін оқушылардың белсенділігі айтарлықтай төмен екенін көрсетті. Бұл зерттеу жұмысының екінші кезеңінде арнайы ұйымдастырылған топтық жұмыс циклдарын өткізудің қажеттілігін айқындады. Үшінші кезеңде – эксперименттен кейінгі өлшеу барысында оқушылардың коммуникативтік және әлеуметтік өзара әрекет дағдыларында айтарлықтай оң өзгерістер байқалды. Оқушылардың диалогқа қатысу белсенділігі артты, өзара сұрақ қою жиілеп, келісімге келу деңгейі жоғарылады, ал ЕБҚ оқушыларының топтық әрекетке қосылу көрсеткіштері екі есеге жуық өсті. Позитивті кері байланыс беру мәдениеті қалыптасып, топ ішінде қолдаушы эмоциялық климат орнағаны анықталды. Инклюзивті сыныптағы топтық жұмыстың коммуникативтік дағдыларға әсерімен төмендегі кестеде таныса аласыздар.

Кесте 2. Инклюзивті сыныптағы топтық жұмыстың коммуникативтік дағдыларға әсері

Көрсеткіш	Тәжірибеге дейін	Тәжірибеден кейін	Өзгеріс (%)
Оқушылардың топтық диалогқа қатысу жиілігі (орташа көрсеткіш)	38%	67%	+29%
Орташа сөйлеу ұзақтығы (1 тапсырма ішінде)	22 сек	41 сек	+86%
Өзара сұрақ қою саны	1,8	3,9	+116%
Топ ішінде келісімге келу жағдайлары	52%	81%	+29%
ЕБҚ оқушылардың коммуникацияға қосылу белсенділігі	27%	54%	+27%
Позитивті кері байланыс беру көрсеткіші	34%	72%	+38%

Топтық жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін мұғалім психологиялық қауіпсіздік сезімін қалыптастыруы тиіс. Педагогикалық-психологиялық еңбектерде бала өзін еркін сезінгенде ғана белсенді ой бөлісіп, топтық жұмысқа толыққанды қатысатыны дәлелденген [2, 113 б.]. Павлодар қаласындағы мектепте жүргізілген зерттеу барысында да мұғалімдердің «қауіпсіз орта» құруға бағытталған әрекеттері (жұмсақ кері байланыс, мотивациялық қолдау, рөлдерді тең бөлу) оқушылардың белсенділігін айқын көтергені байқалды. Сондықтан тапсырмалар оқушылардың ерекшеліктеріне сай сараланып, рөлдер әрқайсысының қабілетіне сәйкес бөлінуі қажет. Мысалы, ерекше білімді қажет ететін оқушы визуалды элементтер құрастыруды орындай алса, тілдік дағдысы жоғары оқушы мәтінді жүйелеуге жауапты болуы мүмкін. Ал топ ішінде белсенділігі жоғары оқушы баяндаушы қызметін атқара алады. Мұндай рөлдік саралау R. Slavin ұсынған кооперативті оқыту моделіне толық сәйкес келеді [10, 22 б.]. Рөлдік үйлесім топ мүшелерінің бір-бірін толық-

тыруын қамтамасыз етіп, ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырады – бұл инклюзивті білім берудің басты қағидаларының бірі.

Топ ішіндегі кері байланыс та коммуникативтік орта қалыптастыруда маңызды. J. Hattie зерттеулерінде дұрыс ұйымдастырылған кері байланыс оқушының оқу мотивациясын күшейтетінін, жауапкершілігін арттыратынын көрсетеді [11, 26 б.]. Инклюзивті топтарда «Мен сенен үйренгенім...», «Мен саған алғыс айтамын, себебі...» сияқты жылы кері байланыс формалары оқушылардың өзара сыйластығын арттырып, сыныпта позитивті эмоционалды климат орнатады.

Практикалық тұрғыда «қабілеттерді толықтыратын топтар» моделін қолдану инклюзивті ортаның тиімділігін айқын арттырады. М. Әлімбаев атындағы мектепте жүргізілген сабақтарда осы модель тиімді нәтиже бергені байқалды: ЕББҚ оқушылары өз рөлін нақты орындап, топ ішінде қабылданғанын сезінді, ал басқа оқушылар олардың күшті жақтарын пайдаланып, ынтымақтастықты нығайтты. Сонымен қатар «диалогтік шеңбер» әдісі кезекпен сөйлеу, тыңдау, өз ойын жинақтап жеткізу сияқты коммуникативтік нормаларды бекітеді. Бұл әдіс ерекше білімді қажет ететін балалардың да белсенділігін арттырып, топ мүшелері арасында теңдік сезімін қамтамасыз етеді. Серіктестік бағалау арқылы балалар бір-бірінің жұмысын дәлелді түрде бағалап, әлеуметтік жауапкершілігін арттырады.

Осылайша, инклюзивті білім беру жағдайында топтық жұмыс оқушылардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытудың қуатты тетігі болып табылады. Топтық қарым-қатынас арқылы балалар бірлесіп шешім қабылдауды, бірін-бірі қолдауды, өз пікірін нақты жеткізуді, түрлі көзқарасты құрметтеуді үйренеді. Мұндай ортада оқушылардың тұлғалық дамуы жылдамдап, олардың мектептегі әлеуметтік бейімделу деңгейі көтеріледі. Демек, инклюзивті сыныптағы топтық жұмыс – білім беру технологиясы ғана емес, балаларды адамгершілікке, сыйластыққа, өзара түсіністікке тәрбиелейтін әлеуметтік-мәдени кеңістік.

Әдебиеттер

1. Johnson D.W., & Johnson, R.T. Cooperation in the Classroom. – 2017.
2. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы, 2020.
3. Ainscow M. Promoting Inclusive Education. – London: Routledge, 2020.
4. Bandura A. Social Cognitive Theory. – New York: Psychology Press, 2018.
5. Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва: Педагогика, 1986.
6. Иманқұлова Р.К. Инклюзивті білім берудің психологиялық негіздері. – Алматы, 2021.
7. Booth T. & Ainscow M. The Index for Inclusion. – Bristol: CSIE, 2019.
8. Әбдіғалиева Г. Бастауыш сыныпта топтық жұмыс технологиясы. – Нұр-Сұлтан, 2019.
9. Mercer N. Classroom Dialogue and Learning. – Cambridge University Press, 2019.

10. Slavin R. Cooperative Learning: Theory, Research, and Practice. – 2019.
11. Hattie J. Visible Learning: Feedback in Education. – London: Routledge, 2021.

Қысқартулар тізімі:

ЕББҚ оқушы – ерекше білімді қажет ететін оқушы

УДК 378.147:376.1

Г.Е. Акпарова

магистрант Высшей школы естествознания, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан

Н.П. Корогод

ассоциированный профессор, кандидат биологических наук, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан

ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОЕ ОЦЕНИВАНИЕ КАК ИНСТРУМЕНТ ПОДДЕРЖКИ ОБУЧАЮЩИХСЯ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Аннотация. В статье рассматривается дифференцированное оценивание как эффективный инструмент поддержки обучающихся с особыми образовательными потребностями на уроках биологии. Автор анализирует возможности адаптации критериев и форм оценивания, позволяющих учитывать индивидуальный темп, стиль и уровень усвоения учебного материала. Особое внимание уделяется созданию инклюзивной образовательной среды, в которой оценивание становится не средством отбора, а механизмом развития и мотивации. В работе представлены практические подходы, примеры дифференцированных заданий и рекомендации для педагогов по организации оценивания, направленного на повышение учебных достижений и формирование уверенности учащихся с ООП.

Ключевые слова: дифференцированное оценивание; особые образовательные потребности; инклюзивное образование; биология; индивидуализация обучения; критерии оценивания; адаптация заданий; учебные достижения; образовательная среда.

Андатпа. Мақалада биология сабақтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қолдаудың тиімді құралы ретінде дифференциалды бағалау қарастырылады. Автор оқу материалын меңгеру деңгейі, қарқыны мен жеке оқу стилін ескере отырып, бағалау критерийлері мен формаларын бейімдеу мүмкіндіктерін талдайды. Ерекше назар инклюзивті білім беру ортасын құруға аударылған, онда бағалау іріктеу емес, керісінше оқушының дамуын, оқу мотивациясын арттыруға бағытталған құрал ретінде қолданылады. Мақалада практикалық тәсілдер, дифференциалды тапсырмалар үлгілері және ООП бар оқушылардың білім жетістіктерін арттыруға арналған бағалау үдерісін ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар берілген.

Abstract. The article explores differentiated assessment as an effective tool for supporting students with special educational needs in biology lessons. The author examines approaches to adapting assessment criteria and formats that take into account individual learning pace, style, and levels of mastery. Particular attention is given to creating an inclusive educational environment in which assessment serves not as a means of selection,

but as a mechanism for development and motivation. The article provides practical strategies, examples of differentiated tasks, and recommendations for teachers on organizing assessment practices aimed at improving academic achievement and fostering confidence among students with special educational needs.

Современная школа ориентирована на обеспечение доступного и качественного образования для всех обучающихся, включая тех, кто имеет особые образовательные потребности (ООП). В условиях обновленного содержания образования и компетентностного подхода особую значимость приобретает дифференцированное оценивание, позволяющее учитывать индивидуальные особенности, возможности и темп развития каждого ученика. На уроках биологии, где значительную роль играют практическая деятельность, наблюдения, работа с моделями и исследовательские задания, дифференциация становится эффективным инструментом организации инклюзивного образовательного процесса [1, с. 23].

Дифференцированное оценивание включает вариативность форм и методов работы, изменение критериев и уровня сложности заданий в соответствии с индивидуальным образовательным маршрутом обучающегося. Оно направлено не на сравнение детей между собой, а на фиксацию личного прогресса, достижение посильных результатов и формирование мотивации [2, с. 45].

Ключевые принципы дифференцированного оценивания:

- индивидуализация – учёт особенностей восприятия, темпа работы, уровня готовности;
- доступность – посильные задания и критерии;
- вариативность – возможность выбора формы выполнения и представления результата;
- поддержка и сопровождение – оценивание как инструмент помощи, а не контроля;
- ориентация на успех – позитивная обратная связь, фиксирование личных достижений [3, с. 127].

Особенности обучающихся с ООП оказывают непосредственное влияние на выбор методов оценивания. Наиболее распространённые затруднения включают:

- в запоминании большого объёма информации;
- в переработке абстрактных понятий;
- в выполнении заданий в ограниченное время;
- в концентрации внимания и организации собственной деятельности;
- в устном выражении мыслей.

Поэтому оценивание должно быть адаптировано, чтобы не снижать мотивацию, а поддерживать учебную активность [4, с. 76].

Формы дифференцированного оценивания на уроках биологии.

1. Уровневые задания

Адаптация содержания по уровням:

– базовый уровень – репродуктивные задания, работа с иллюстрациями, подписывание схем, определение признаков.

– средний уровень – установление причинно-следственных связей, выполнение простых лабораторных работ по образцу.

– высокий уровень – анализ ситуаций, мини-проекты, объяснение процессов с опорой на биологическую терминологию [5, с. 94].

2. Модификация критериев оценивания

Для обучающихся с ООП критерии могут:

- содержать меньшее количество элементов;
- учитывать частичное выполнение задания;
- позволять использовать опоры: карточки, схемы, термины, пошаговые алгоритмы;
- ориентироваться не только на результат, но и на процесс [6, с.221].

3. Вариативность форм представления результата

Обучающийся может выбрать:

- устный ответ вместо письменного;
- выполнение задания в виде схемы, рисунка, мини-модели;
- ответ с опорой на карточку;
- выполнение лабораторной работы совместно с партнёром.

4. Формативное оценивание как основной инструмент

На уроках биологии формативное оценивание является ключевым для обучающихся с ООП. Оно включает:

- чек-листы выполнения лабораторных работ;
- критерии «шаг за шагом» (scaffolding);
- систематическую обратную связь в виде коротких комментариев;
- индивидуальные рекомендации по доработке;
- наблюдение за практическими навыками [7, с. 23].

5. ИКТ-поддержка

Использование цифровых приложений и визуализации облегчает восприятие сложных тем:

- интерактивные модели органов и систем;
- карточки-тренажёры;
- простые тесты с автоматической проверкой;
- обучающие видео для самостоятельного просмотра [8, с. 18].

Преимущества дифференцированного оценивания для обучающихся с ООП:

- снижает тревожность и страх ошибиться;
- повышает учебную мотивацию за счёт достижимости целей;
- способствует развитию уверенности в собственных возможностях;
- создаёт условия для личностного прогресса, а не конкуренции;
- помогает формировать ключевые компетенции, включая исследовательскую и коммуникативную;
- обеспечивает инклюзивность, позволяя каждому ученику участвовать в учебном процессе на равных [9, с. 213].

Примеры дифференцированных заданий на уроках биологии

При изучении темы «Клетка»:

– базовый уровень – собрать модель клетки из предложенных элементов;

– средний – подписать органоиды на схеме и объяснить их функции;

– высокий – проанализировать, как нарушение работы определённого органоида влияет на клетку

При изучении темы «Дыхательная система»:

– задание с опорой – сопоставить органы дыхания с их функциями;

– практическое – измерить частоту дыхания до и после физической нагрузки;

– исследовательское – объяснить влияние факторов окружающей среды на дыхание [10, с. 88].

Дифференцированное оценивание является мощным инструментом педагогической поддержки обучающихся с ООП при обучении биологии. Оно помогает выявлять индивидуальные достижения, создавать ситуацию успеха, снижать напряжение и обеспечивать равный доступ к знаниям. Применение вариативных форм оценивания способствует формированию устойчивой мотивации, развитию познавательной активности и постепенному продвижению ученика к более высокому уровню учебных результатов.

Инклюзивный подход на уроках биологии требует от учителя гибкости, методического разнообразия и понимания особенностей каждого обучающегося. Дифференцированное оценивание позволяет гармонично сочетать требования программы с возможностями детей, обеспечивая качественный и гуманистический образовательный процесс [11, с. 91].

Литература

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Инклюзивті білім беруді дамытудың әдістемелік нұсқаулығы. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 84 б.
2. Әбеуова З.М., Жанатаева М.А. Инклюзивті оқыту жағдайында оқушылардың білімін бағалау ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 152 б.
3. Кравцова Е.Е. Инклюзивное образование: теория и практика. – М.: Просвещение, 2020. – 256 с.
4. Лазарев М.В. Дифференциация обучения в современной школе. – СПб.: Питер, 2018. – 192 с.
5. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. – М.: Академия, 2016. – 288 с.
6. Томлинсон К.А. (Tomlinson C.A.) Дифференцированное обучение в смешанном классе. – М.: Национальное образование, 2019. – 336 с.
7. Hall, T., Vue, G., Strangman, N., & Meyer, A. Differentiated Instruction and Implications for UDL Implementation. – Wakefield, MA: National Center on Accessing the General Curriculum, 2017. – 45 p.
8. Florian, L., Black-Hawkins, K. Exploring inclusive pedagogy. *British Educational Research Journal*, 37(5), 2011. – С. 813–828.
9. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М.: Смысл, 2005. – 512 с.

10. Жүнісова Г.Б. Биология пәнін оқытуда сараланған тапсырмаларды қолдану. – Астана: Фолиант, 2022. – 128 б.

11. Макарова Е.А. Индивидуализация и дифференциация оценивания учащихся: методическое пособие. – М.: Учитель, 2020. – 144 с.

УДК 372.857:371.3

М.С. Аутаев

магистрант Павлодар қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘСІЛДЕРІ

Андатпа. Бұл мақала биология пәнінде оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту тәсілдерін сипаттайды. Практикалық сабақтарда ғылыми сұрақ қою, гипотеза жасау, эксперимент жүргізу, деректерді талдау және қорытынды шығару жолдарының тиімділігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: зерттеу, биология, эксперимент, бақылау, гипотеза, деректер, талдау.

Аннотация. Статья рассматривает методы формирования исследовательских навыков учащихся на уроках биологии. Подчеркивается роль практических занятий в развитии умения формулировать вопросы, выдвигать гипотезы, проводить эксперименты, анализировать данные и делать выводы.

Ключевые слова: исследование, биология, эксперимент, наблюдение, гипотеза, данные, анализ.

Annotation. This article examines effective approaches for developing students' research skills in biology. It highlights the role of practical lessons in fostering question formulation, hypothesis building, experimentation, data analysis, and scientific reasoning.

Keywords: research, biology, experiment, observation, hypothesis, data, analysis.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру – ғылымға негізделген оқытудың басты шарты. Зерттеушілік дағдылар оқушылардың тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, ғылыми ойлау мәдениеті бар, дәлелдерге сүйенетін тұлға болуына ықпал етеді. Бұл құзырет оқушының сыни ойлауын, логикалық талдауын, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау қабілетін дамытады. Педагогика ғылымында зерттеушілік құзыреттілік оқушылардың тұлғалық дамуы мен танымдық белсенділігінің негізгі құрамдас бөлігі екенін көрсетеді [1, с. 45-49].

Биология пәнінде зерттеу жұмыстары ерекше орын алады, себебі тірі табиғатты зерттеу тек теориямен шектелмейді – тәжірибе, бақылау, эксперимент арқылы нақты әрекетке сүйенеді. Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама да, халықаралық стандарттар да зерттеушілік дағдыларды басты талап ретінде қарастырады [2, с. 56].

Зерттеу дағдылары – ғылыми әдіснаманың заңдылықтарына сүйенетін күрделі әрекеттер жүйесі. Бұл дағдылар оқушылардың танымдық дербестігін арттырып, биологиялық құбылыстарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Ғылыми әдістің негізгі кезеңдері төмендегідей:

1. Ғылыми сұрақ қою. Оқушы зерттелетін құбылысты нақтылау арқылы негізгі мәселені анықтайды.

2. Болжам (гипотеза) ұсыну. Құбылыс себептері мен күтілетін нәтижелерді алдын ала болжайды.

3. Бақылау жүргізу. Табиғи нысандарды жүйелі, мақсатты зерттеу.

4. Эксперимент жоспарлау және жүргізу. Тәуелді және тәуелсіз айнымалыларды анықтап, тәжірибелік жағдайды ұйымдастыру.

5. Өлшеу және деректер жинау. Микроскоп, термометр, датчиктер сияқты құралдарды пайдалану.

6. Мәліметтерді өңдеу және талдау. Кесте, диаграмма, график, статистикалық көрсеткіштер.

7. Қорытынды жасау. Гипотезаның расталуы немесе теріске шығарылуы.

8. Ғылыми коммуникация. Нәтижелерді постер, презентация, есеп түрінде қорғау.

Бұл элементтер білім алушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Зерттеу дағдылары туралы әдістемелік әдебиеттер олардың оқушының ойлау деңгейін жоғары сатыға көтеретінін дәлелдейді [3, с. 112–113].

Биология – тәжірибеге сүйенетін ғылым. Сондықтан практикалық сабақтар зерттеу әдісін жүзеге асырудың негізгі формасы болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушылар тірі табиғат объектілерімен тікелей әрекеттеседі: өсімдіктерді, жануарларды, микроорганизмдерді, олардың құрылысы мен қызметін нақты зерттейді. Практикалық әрекет оқушының пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, алған білімді нақты дәлелдер арқылы бекітуге мүмкіндік береді.

Практикалық сабақтардың маңыздылығы туралы Campbell биология оқулығында: «Оқушы табиғатты тек оқып қана қоймай, оны тәжірибе арқылы сезінгенде, биология ғылымына терең түсінік қалыптасады» деп атап көрсетілген [4, с. 88–90].

Практикалық сабақтар оқушыларға:

– деректерді шынайы ортадан жинауға;

– биологиялық құбылыстарды бақылауға;

– эксперимент ұйымдастыруға;

– айнымалыларды ажыратуға;

– өлшеу құралдарын дұрыс қолдануға;

– зерттеу нәтижелерін салыстыруға және қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми негізделген тәсілдері

1. *Проблемалық сұрақтар қою.* Зерттеу жұмысының бастамасы – қызықты және ғылыми негізделген сұрақ. Мұғалімнің міндеті – оқушыны ойлануға жетелейтін проблемалық жағдай туғызу. Мысалы, «Жарық мөлшері өсімдіктің өсу жылдамдығына қалай әсер етеді?», «Су тұздылығы балықтардың белсенділігіне қалай ықпал етеді?», «Топырақтың әр қабатындағы ылғалдылық айырмашылығы қандай факторларға байланысты?»

Проблемалық жағдай оқушының когнитивтік белсенділігін арттырады және зерттеу бастамасын жеңілдетеді.

2. *Гипотеза жасау.* Гипотеза – зерттеу жұмысының логикалық өзегі. Мысалы, «Егер жарық мөлшері артса, фотосинтез жылдамдығы жоғарылайды», «рН төмендеген сайын ашытқының белсенділігі азаяды», «Температура көтерілсе, микроорганизмдер көбеюі жылдамдайды».

3. *Экспериментті жоспарлау.* Эксперимент – биологиядағы зерттеудің басты құралы. Оқушылар бақылау және тәжірибелік топтарды анықтайды, тәуелді және тәуелсіз айнымалыларды белгілейді, қауіпсіздік ережелерін сақтайды, өлшеу әдістерін таңдайды. Мысалы: топырақ рН-ын индикаторлық қағазбен анықтау, ашытқының газ бөлу қарқынын уақыт бойынша өлшеу.

4. *Өлшеу және бақылау жүргізу.* Өлшеудің дәлдігі – зерттеудің ғылыми деңгейін анықтайтын негізгі талап. Әр оқушы өлшеу құралдарын дұрыс қолдануы, дәлдік пен қателік шегін есептеуі тиіс. Бақылау барысында оқушылар микроскоппен жасушаларды зерттеу, бактерия колонияларын санау, температура мен ылғалдылықты датчиктермен өлшеу сияқты әрекеттер орындалады.

Annotation. This article analyzes the ideal and fundamental moral values that form the basis of effective and ethical socio-pedagogical work within the context of inclusive education. It examines the humanistic ideal of inclusion, which is aimed at creating an environment of equal opportunities and unconditional acceptance for every child. Particular attention is paid to key ethical principles: the value of human dignity, social justice, empathy, and tolerance as regulators of the social pedagogue's professional activities. The role of the specialist in fostering an inclusive culture within the educational institution, overcoming social barriers, and ensuring the psychological integration of all participants in the process is discussed.

Keywords: inclusive education, socio-pedagogical work, moral values, humanism, social justice, tolerance, ethics.

Инклюзивное образование становится всё более важным направлением в современной системе образования, поскольку оно обеспечивает равные возможности всем обучающимся, независимо от их индивидуальных особенностей. Эффективная социально-педагогическая работа в инклюзивной среде должна базироваться на высоком этическом уровне и идеалах гуманизма: уважении человеческого достоинства, социальной справедливости, эмпатии и толерантности. Социальный педагог играет ключевую роль в поддержке детей с особыми образовательными потребностями, создании доверительного и безопасного пространства, а также в содействии их психологической и социальной интеграции.

Цель данной статьи – проанализировать основные идеалы и моральные ценности, которые лежат в основе социально-педагогической работы в инклюзивной образовательной среде, и предложить возможные пути их практической реализации.

Эффективная социально-педагогическая работа в инклюзивной образовательной среде опирается на комплекс идеалов и моральных ценностей, которые определяют гуманистическую направленность всей деятельности специалиста. Эти ценности регулируют профессиональное поведение социального педагога, обеспечивают этичность педагогического взаимодействия и создают условия для полноценного участия каждого ребёнка в жизни образовательного учреждения.

Прежде всего, важнейшим принципом выступает уважение человеческого достоинства. В инклюзивной среде каждый обучающийся рассматривается как уникальная личность, обладающая правом на развитие, поддержку и участие в образовательном процессе. Социальный педагог обязан создавать атмосферу, в которой дети чувствуют свою значимость, защищённость и принятие. Это достигается через индивидуальный подход, корректное педагогическое общение, предотвращение дискриминации и формирование доверительных отношений. Признание ценности

каждого ребёнка способствует укреплению его самооценки, мотивации к обучению и социальной активности в школьном сообществе.

Следующей ключевой ценностью является социальная справедливость, предполагающая равные возможности для всех участников образовательного процесса. В инклюзивной школе важно обеспечить доступность образовательной среды: адаптировать учебные материалы, корректировать методы обучения, устранять физические и социальные барьеры. Социальный педагог выступает посредником между ребёнком, педагогами, администрацией и семьёй, помогая организовать поддержку, включающую индивидуальные образовательные планы, консультирование родителей и сотрудничество с междисциплинарной командой специалистов. Реализация принципа социальной справедливости способствует предотвращению социального исключения и обеспечивает полноценное включение детей с особыми образовательными потребностями в школьную жизнь.

Большое значение имеют такие моральные качества, как эмпатия и толерантность, позволяющие педагогу лучше понимать внутренний мир ребёнка, его эмоциональные переживания, трудности и потребности. Эмпатичное отношение помогает выстраивать доверительные взаимоотношения, формировать безопасную психологическую атмосферу в классе, где ребёнок не боится проявлять инициативу, задавать вопросы и выражать свои чувства. Толерантность способствует развитию уважения к различиям, принятию многообразия и предотвращению стигматизации детей с особенностями развития. Социальный педагог активно содействует формированию в коллективе культуры уважения, что отражается в организации совместных мероприятий, групповых заданий и ролевых игр, направленных на развитие взаимопонимания и сотрудничества между учениками.

Одним из важнейших направлений деятельности социального педагога является формирование инклюзивной культуры в образовательной организации. Это включает в себя проведение тренингов, семинаров и консультаций для учителей, направленных на повышение их компетенций в области инклюзивного взаимодействия. Педагог также работает с родителями, объясняя особенности обучения детей с ООП, формируя позитивное отношение к инклюзии и вовлекая семьи в образовательный процесс. Через регулярное взаимодействие с педагогическим коллективом социальный педагог способствует выстраиванию устойчивой системы поддержки, основанной на сотрудничестве, взаимопомощи и уважении к разнообразию.

Важным аспектом практической реализации моральных ценностей является индивидуализация образовательного процесса. Социальный педагог оценивает потребности каждого ребёнка, взаимодействует с психологами, логопедами, дефектологами, чтобы определить приоритетные направления работы. Адаптация учебных материалов, применение визу-

альных и мультимедийных технологий, использование альтернативных способов коммуникации – всё это способствует тому, что ребёнок не просто присутствует в классе, а активно включается в учебный процесс. Индивидуализация позволяет учитывать особенности познавательной активности детей, темп их обучения, эмоциональное состояние и уровень социального развития.

Отдельного внимания заслуживает мониторинг психологической интеграции обучающихся. Социальный педагог отслеживает динамику развития ребёнка, его взаимоотношения со сверстниками, уровень включённости в коллектив и наличие возможных стрессовых факторов. Эти данные позволяют специалисту своевременно скорректировать методы работы, разработать дополнительные меры поддержки или привлечь узких специалистов для решения сложных ситуаций. На основе анализа результатов мониторинга формируются рекомендации для педагогов и родителей, что повышает эффективность взаимодействия всех участников образовательного процесса.

Кроме того, социально-педагогическая работа в инклюзивной среде направлена на повышение уровня социальной компетентности детей. Через групповые занятия, социально-значимые проекты, ролевые игры и тренинги коммуникации детям помогают развивать навыки взаимодействия, сотрудничества, взаимопомощи и саморегуляции. Такие мероприятия не только способствуют социальной адаптации детей с особыми образовательными потребностями, но и воспитывают у всех учащихся чувство эмпатии, уважения и социальной ответственности.

Таким образом, основой социально-педагогической работы в инклюзивной образовательной среде являются гуманистические идеалы и моральные ценности, которые определяют содержание профессиональной деятельности. Их реализация обеспечивает создание условий, в которых каждый ребёнок может успешно развиваться, обучаться, проявлять активность и чувствовать себя полноправным участником образовательного процесса. Социальный педагог выступает ключевой фигурой в обеспечении эмоционального благополучия, социальной поддержки и интеграции детей, а также в формировании культуры инклюзии в образовательной организации.

Литература

1. Магауова А.С., Махамбетова Ж.Т. Деятельность социального педагога в условиях инклюзивного образования: учебно-методическое пособие. – Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2020.
2. Рослякова С.В., Соколова Н.А., Сиврикова Н.В., Черникова Е.Г. Отношение педагогов к инклюзивному образованию в школе // Психологическая наука и образование. – 2024. – Т. 29. – № 5. – С. 87–98.
3. Макарова И. Педагогические ценности инклюзивного образования: генезис идей свободы как ценности // Система ценностей современного общества. – 2013. – №. 30. – С. 128-133.

Д.Д. Шарипова

студент ВШГН

Т.В. Жмайло

*магистр педагогических наук, Павлодарский педагогический университет имени
Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

АДАПТАЦИЯ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫХ УЧЕБНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПО АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ ДЛЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ ЗРЕНИЯ В ИНКЛЮЗИВНОМ КЛАССЕ

Аннотация. Бұл мақалада инклюзивті сынып жағдайында көру қабілеті бұзылған балаларға білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері қарастырылып, ағылшын тілінің сабағында мультимодальды ресурстарды пайдалана отырып оқу материалдарын бейімдеуге ерекше назар аударылады.

Ключевые слова: Инклюзивті білім беру, көру қабілетінің бұзылуы, ағылшын тілі, мультимодальды оқыту, оқу материалдарын бейімдеу, Брайль шрифті, тифлопедагогика.

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема обеспечения равного доступа к образованию для детей с нарушением зрения в условиях инклюзивного класса, акцентируя внимание на адаптацию учебных материалов с использованием мультимодальных ресурсов на уроке английского языка.

Ключевые слова: Инклюзивное образование, нарушения зрения, английский язык, мультимодальное обучение, адаптация учебных материалов, шрифт Брайля, тифлопедагогика.

Аннотация. This article examines the issue of ensuring equal access to education for children with visual impairments in an inclusive classroom, focusing on adapting instructional materials using multimodal resources during English lessons.

Inclusive education, visual impairments, English language, multimodal learning, adaptation of educational materials, Braille script, typhlopedagogy.

Обеспечение равных образовательных возможностей является ключевой задачей современной педагогики, особенно в контексте инклюзивного образования. Для учащихся с нарушением зрения осваивающих иностранный язык, традиционные учебные материалы, созданные с опорой на визуальный канал восприятия, становятся существенным барьером. Эффективное изучение английского языка на базовом уровне требует не просто механического перевода текста в шрифт Брайля, но и комплексной и мультимодальной адаптации, которая компенсирует ограниченный доступ к визуальной информации и задействует сохраненные сенсорные системы, такие как: слух, осязание и кинестетику.

На данный момент инклюзивное образование в Казахстане развивается в рамках действующего законодательства, предусматривающего создание необходимых условий для обучающихся с особыми образовательными потребностями, включая детей с нарушениями зрения. Государственные инициативы в Казахстане направлены на то, чтобы все уче-

ники, в том числе с особенными образовательными потребностями могли получать качественное образование. [1]

В связи с чем, в последние годы усиливается внимание к совершенствованию инфраструктуры школ и подготовке педагогических кадров, однако практика показывает наличие существенных проблем, связанных с недостаточной оснащённостью образовательных учреждений, вместе с тем ограниченностью специализированных ресурсов и неравномерной подготовки специалистов в регионах.

Несмотря на формальное расширение инклюзивных классов, все также остаются трудности, обусловленные поверхностным пониманием инклюзии, а также дефицитом компетенций педагогов в работе с детьми, имеющими зрительные нарушения. Для обучающихся данной категории инклюзивная среда обеспечивает социальную интеграцию, доступность адаптированных образовательных материалов и возможность использования специальных технических средств. Вместе с тем эффективность обучения зависит от качества сопровождения, регулярного обновления индивидуальных образовательных маршрутов и наличия специалистов, владеющих методиками работы с нарушением зрения.

В основе адаптации учащихся лежит принцип тифлопедагогики [2, с. 65-75], который утверждает необходимость использования специализированных методов и средств обучения, максимально эффективно использующих возможности организма. При изучении языка этот принцип трансформируется в создание среды, где каждое новое словарное или грамматическое понятие подкрепляется не одним, а несколькими сенсорными стимулами.

Как отмечает специалист в области инклюзивного образования О.А. Смирнова, «истинная инклюзия в языковом классе возможна лишь при условии, что учебный контент становится не просто доступным, но и функционально эквивалентным для всех учащихся. Это означает, что отсутствие визуального ряда должно быть полноценно замещено тактильными, аудиальными и пространственно-кинестетическими инструментами» [3, с. 119]. Именно на базовом уровне, где закладываются фундаментальные лексические и синтаксические структуры, такая мультимодальная адаптация учебных материалов приобретает критическое значение.

Освоение базовых словарных единиц английского языка учащимися с нарушением зрения требует системного подхода к разработке ресурсов.

При работе над лексикой с незрячими и слабовидящими учащимися необходимо одновременно формировать устойчивые связи между тремя ключевыми компонентами: звуковой формой слова, передаваемым им понятием и доступным способом его письменного представления, таким как рельефно-точечный шрифт Брайля или иная тактильная форма.

На рис. 1 представлен адаптированный вариант традиционных визуальных флеш-карт, ориентированный на осязательное восприятие.

Рельефные контуры предметов позволяют учащемуся сформировать чёткий тактильный образ обозначаемого объекта или действия. Например, при изучении слова «apple» используется не только брайлевская подпись, но и рельефное изображение его формы. Сочетание тактильного образа и подписи на шрифте Брайля обеспечивает прочное закрепление лексической единицы. [4]



Рис. 1. Тактильные карточки с рельефными изображениями и брайлевскими подписями

Concept Flashcards: Tactile Images and Braille Labels – Paths to Literacy

Слуховой канал является ведущим для учащихся с нарушением зрения. Следовательно, аудиоматериалы должны быть высокого качества и включать не только изолированное произнесение слова, но и его использование в реалистичных, простых контекстных примерах, что крайне важно для базового уровня. К примеру, на рис. 3 показан коммуникационный набор, в котором используются тактильные символы в сочетании с звуковым выводом. Данные наборы будут полезны для обучения новым словам через осязание и речь. [5]

Основная сложность адаптации заключается в необходимости не просто создать специализированные материалы, но и гармонично интегрировать их в работу общего класса, чтобы не акцентировать внимание на различиях.

Как подчеркивает исследователь Е.И. Казакова, успешность инклюзии зависит от готовности педагога работать с разнообразными источниками информации: «Преподаватель должен выступать в роли дизайнера учебного опыта, который обеспечивает синхронный доступ к информации. Когда зрячие дети смотрят на картинку, незрячие должны в этот же момент работать с тактильным аналогом и слушать его описание, чтобы участвовать в общем диалоге и не выпадать из темпа урока». [2, с. 45-53]




Рис. 2 TactileTalk Toolkit

<https://www.attainmentcompany.com/tactiletalk-toolkit>




Рис.3 Тактильные символы

Такой подход требует от учителя иностранного языка глубоких знаний основ тифлопедагогики и владения технологиями адаптации. В практическом плане это означает, что учителю необходимо заранее продумывать структуру урока, чтобы визуальные, аудиальные и тактильные элементы дополняли друг друга и были доступны каждому учащемуся одновременно. В этом контексте особенно важным становится создание стандартизированных мультимодальных комплектов на базовом уровне. Ведь именно они позволяют формировать единое образовательное пространство, где каждый ученик получает доступ к ключевым понятиям вне зависимости от особенностей восприятия.

Кроме того, регулярное использование таких комплексов развивает у ребёнка с нарушением зрения навыки самостоятельной ориентации в учебных материалах, что напрямую связано с задачами формирования автономности, поставленными инклюзивным образованием. В результате адаптация перестаёт восприниматься как дополнительная нагрузка или исключение из правила, а становится естественной частью учебного процесса, обеспечивающей равные условия участия всех детей.

Таким образом, для успешного обучения английскому языку учащихся с нарушением зрения крайне важен мультимодальный подход. Он означает создание такой учебной среды, где каждая новая языковая единица усваивается через одновременное задействование нескольких чувств. Ключевая задача учителя – это грамотно адаптировать и включить эти специализированные материалы в общий учебный процесс, чтобы обеспечить синхронный и равный доступ к информации для всех учеников. Что в свою очередь позволяет обеспечить обучающихся эффективным инклюзивным образованием за счет равноправного вовлечения каждого участника учебного процесса, а также развития самостоятельности.

Литература

1. Nur.kz // Инклюзивное образование в Казахстане: как государство создает равные условия для всех детей. – 2024. (дата обращения 26.11.2025)
2. Соловьёв, И.М. Тифлопедагогика: теория и практика. – М.: Академия, 2018. – С. 67–75.
3. Смирнова, О.А. // Адаптация учебных пособий по иностранному языку для студентов с особыми образовательными потребностями: тифлопедагогический аспект. Образование и наука. – 2020. – 22(3). – С. 101-119.
4. Eagan, L. // Concept Flashcards: Tactile Images and Braille Labels. Paths to Literacy. – <https://www.pathstoliteracy.org/concept-flashcards/> (accessed 26.11.2025)
5. Attainment Company // TactileTalk Toolkit. – 2024. – <https://www.attainmentcompany.com/tactiletalk-toolkit> (accessed 26.11.2025)
6. Казакова, Е.И. // Инклюзивное образование: проблемы и перспективы развития мультисенсорных технологий. Вестник педагогических наук. – 2018. – С. 45-53.

ЭОЖ 376

Ә.Р. Алтайбай

«Әлеуметтік педагогика және білім беруде педагогикалық қолдау» ББ бағдарламасының 1 курс студенті,

Г.Б. Таженова

ғылыми жетекші, оқытушы-сарапшы педагогика жоғары мектебі, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ПЕДАГОГТЫҢ ЖЕКЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ САПАСЫНА ӘСЕРІ

Андатпа. Мақалада педагогтың жеке құндылықтарының ерекше білім беру қажет ететін балалардың отбасыларымен өзара әрекеттесу сапасына әсері қарастырылады. Зерттеу барысында педагогтың гуманизм, эмпатия, қабылдау, жауапкершілік, толеранттық және ынтымақтастық сияқты құндылықтық бағдарларының кәсіби қызметтің тиімділігіне ықпалы талданады. Сонымен қатар, әлеуметтік педагог пен арнайы педагог арасындағы өзара әрекеттестік балалардың дамуын қолдау мен отбасымен сапалы коммуникацияны қамтамасыз етудегі маңызды фактор ретінде қарастырылады. Мақала педагогикалық тәжірибеде құндылықтық бағдарлардың рөлін айқындап, болашақ педагогтардың кәсіби дамуын жетілдіру жолдарын ұсынады.

Кілтті сөздер: әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, әлеуметтік педагог, арнайы педагог, инклюзивті орта, құндылықтар, этика.

Аннотация. В статье рассматривается влияние личностных ценностей педагога на качество взаимодействия с семьями детей с особыми образовательными потребностями. Проанализировано влияние таких ценностных ориентаций педагога, как гуманизм, эмпатия, принятие, ответственность, толерантность и сотрудничество, на эффективность профессиональной деятельности. Кроме того, взаимодействие социального педагога и специального педагога рассматривается как важный фактор поддержки развития детей и обеспечения качественного взаимодействия с семьями. В статье обозначена роль ценностных ориентаций в педагогической практике и предложены пути совершенствования профессионального развития будущих педагогов.

Ключевые слова: социально-педагогическая работа, социальный педагог, специальный педагог, инклюзивная среда, ценности, этика.

Abstract. The article examines the impact of a teacher's personal values on the quality of interaction with families of children with special educational needs. The study analyzes the impact of such value orientations of a teacher as humanism, empathy, acceptance, responsibility, tolerance and cooperation on the effectiveness of professional activity. In addition, the interaction between a social educator and a special educator is considered an important factor in supporting the development of children and ensuring quality communication with families. The article identifies the role of value orientations in pedagogical practice and suggests ways to improve the professional development of future teachers.

Keywords: social and pedagogical work, social educator, special educator, inclusive environment, values, ethics.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде инклюзивтік және түзету-педагогикалық бағыттар ерекше маңызға ие болып отыр. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасағанда, жай ғана әдістемелік дағдылар жеткіліксіз – педагогтың, әлеуметтік педагогтың немесе арнайы педагогтың ішкі-моральдық және құндылықтық ұстанымдары, адамгершілік, эмпатия, жауапкершілік сияқты қасиеттері шешуші рөл атқарады. Осыған орай, әлеуметтік педагог пен арнайы педагог және басқа мамандар арасындағы өзара тәжірибе алмасуы, психолого-педагогикалық қолдау, білім беру стратегияларын біріктіру ерекше орын алады.

«Білім беру туралы» ҚР заңы [1], «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы [2] білім беру жүйесінде инклюзивті және арнайы білім беру мүмкіндіктерін құқықтық деңгейде бекітеді, арнайы білім беру мен психолого-педагогикалық коррекциялық қолдауды ұйымдастыруға нормативтік негіз береді. Осы заңдарға қосылған өзгерістер инклюзивті білім беруді дамыту, балалардың білім алу құқығын қамтамасыз ету, психолого-педагогикалық сүйемелдеу, жеке қажеттіліктерге бейімделген оқу жоспарлары сияқты нормаларды жаңартып, заманауи талаптарға сай мәнін кеңейтті. Осы нормативтік база мен қоғамдағы әлеуметтік қажеттіліктер инклюзивті білім беру тәжірибесін дамытуды талап етеді. Сол себепті, әлеуметтік педагог пен арнайы педагог ретінде жұмыс істейтін мамандардың құндылықтық бағдарлары – адамгершілік, ізгілік, құрмет, әрбір баланың ерекше екенін мойындау – инклюзивті процестің табыстылығы үшін маңызды. Олар балалармен ғана емес, олардың отбасыларымен де сенімді, ашық және құрметті қарым-қатынас құруға негіз болатын.

Осы мақаланың мақсаты – педагогтың жеке құндылықтары мен кәсіби ұстанымдарының, сондай-ақ әлеуметтік педагог және арнайы педагог арасындағы өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықтың қалайша балалармен және олардың отбасыларымен байланыс сапасын, сенімділікті, түсіністікті қалыптастыруға әсер ететінін талдау. Мұндай зерттеу

инклюзивті және түзету-педагогикалық қызметтің сапасын арттыруға, сонымен бірге кәсіби даярлық пен қолдауды ұйымдастырудағы құндылықтық аспектілерді айқындауға мүмкіндік береді.

Педагогтың жеке құндылықтары – бұл оның кәсіби іс-әрекетінде басшылыққа алатын моральдық және этикалық принциптері, өмірлік ұстанымдары мен ішкі бағдарлары. Психолого-педагогикалық әдебиетте жеке құндылықтар адам мінез-құлқы мен кәсіби шешімдер қабылдауына әсер ететін тұрақты ішкі өлшемдер ретінде қарастырылады. Олар педагогтың бала мен оның отбасы алдында жауапкершілігін, кәсіби сенімділігін және адамгершілік қатынасын қалыптастырады.

Педагогикалық қызметте маңызды болып саналатын құндылықтарға гуманизм, қабылдау, эмпатия, жауапкершілік, толеранттық және ынтымақтастық жатады. Гуманизм мен қабылдау балалардың жеке ерекшеліктерін сыйлауға, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін құрметтеуге бағытталған. Эмпатия педагогқа ата-аналардың және балалардың эмоционалды жағдайын түсінуге мүмкіндік береді, ал жауапкершілік кәсіби міндеттерді орындау сапасын қамтамасыз етеді. Толеранттық пен ынтымақтастық түрлі мәдени және әлеуметтік контексттерде тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді, сондай-ақ әлеуметтік педагог пен арнайы педагог арасындағы өзара әрекеттестікті нығайтады.

Зерттеушілердің пікірлеріне сәйкес, мысалы, Ерментаев А.Б. және Ушакбаева К.Р. мақаласында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби қызметі рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделуі тиіс екені көрсетілген, ал студенттердің әр түрлі курстардағы құндылықтық ориентацияларының айырмашылықтары мақсатты бағытталған жұмыс жүргізудің қажеттілігін айқындайды [3, б. 51]. Сонымен қатар, Г.К. Шолпанкулова мен М.С. Утегенова еңбектерінде [4, б. 224] болашақ педагог-психологтардың құндылықтық түсініктерін қалыптастыру үшін кешенді педагогикалық жағдайларды қарастыру маңызды деп танылған: жалпы кәсіби, психолого-педагогикалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілер студенттердің дербестік, шығармашылық және ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік маңызды және жеке басымдық мәндерді түсінуге ықпал етеді.

Осылайша, педагогтың жеке құндылықтық бағдарлары оның кәсіби іс-әрекетінің стилін, қарым-қатынас мәдениетін және шешім қабылдау әдістерін қалыптастырады, бұл балалар мен олардың отбасыларына сапалы психолого-педагогикалық қолдау көрсетудің негізін құрайды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың отбасымен тиімді өзара әрекеттестік білім беру ұйымы мен ата-ана арасындағы серіктестік қағидаттарына негізделеді. Мұндай серіктестік өзара құрмет, ашықтық, ақпараттың қолжетімділігі және бірлескен шешім қабылдауды талап етеді. ЕББҚ бар баланы тәрбиелеп отырған отбасылар көбінесе жоғары эмоционалды жүктемеге, белгісіздік пен аландаушылыққа тап болады, сондықтан педагог тарапынан эмпатия мен қолдау ерекше маңызды.

Өзара әрекеттестік барысында эмоционалды, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қиындықтар туындауы мүмкін: ата-ананың сенімсіздігі, ақпараттың жеткіліксіздігі, мақсаттардың әркелкілігі. Осы кедергілерді жеңу үшін педагогтың құндылықтық бағдарлары мен кәсіби икемділігі шешуші рөл атқарады.

Педагогтың құндылықтық ұстанымдарын дамыту кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және педагогикалық білім беру жүйесінде құндылыққа бағытталған тәсілдерді жүзеге асыруды талап етеді. Мұндай тәсілдер оқу процесіне адамгершілік-этикалық талдауды енгізуді, тұлғалық дамуға бағытталған пәндерді күшейтуді және студенттердің кәсіби өзіндік санасын қалыптастыруға жағдай жасауды қамтиды. Супервизия, кәсіби даму және рефлексивтік практикалар педагогтың жеке тәжірибесін талдауға, қиындықтар мен этикалық дилеммаларды түсінуге мүмкіндік береді. Супервизорлық қолдау педагогтың эмоционалды күйін реттеп, ата-аналармен және балалармен өзара әрекеттестікте туындайтын күрделі жағдайларда құндылықтық бағдарларын сақтауға ықпал етеді. Педагогтарды даярлау барысында кейстерді талдау, тренингтер, тұлғалық ұстанымдармен жұмыс жасау кеңінен қолданылады. Мұндай әдістер болашақ мамандардың нақты жағдайларды түсінуіне, эмпатия мен жауапкершілік сезімін дамытуына, кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруына көмектеседі. Өзіндік рефлексия құралдары да құндылықтық дамудың маңызды элементі болып табылады. Педагог күнделігі, өзін-өзі бақылау, сұхбат жүргізу және рефлексивтік талдау кәсіби тәжірибені саналы түрде бағалап, ішкі құндылықтарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл педагогтың кәсіби тұрақтылығын арттырып, отбасымен және балалармен сапалы өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді.

Педагогтың құндылықтық сезімталдығы оның ата-аналармен және баламен қарым-қатынасында айқын көрінеді. Төменде студенттік практика барысында кездескен екі қысқа жағдай ұсынылады.

Кейс 1. Жоғары құндылықтық сезімталдық. Тәжірибе кезінде бір ана қатты уайымдап келді: баласының оқу қарқыны сыныптастарына қарағанда баяу екенін айтып, көз жасын тыя алмады. Жетекші педагог алдымен ананың көңіл күйін қабылдап, тыныштық орнатты, эмоциясын жарамды деп таныды. Кейін баланың күшті жақтарын атап, шағын, нақты қадамдардан тұратын даму жоспарын ұсынды. Ата-ана өзін естілгендей сезініп, сенімі артты. Бірнеше аптадан кейін отбасының белсенділігі жоғарылап, баладағы оң өзгерістер айқындала бастады.

Кейс 2. Төмен құндылықтық сезімталдық. Тағы бір педагог дәл осындай уайымдаған ата-ананы «уайымдамаңыз, бәрі жақсы» деп қысқа ғана жұбатып, нақты түсіндіру бермеді. Ата-ана сұрақтарына үстірт жауап алып, өз мәселесі еленбегендей сезінді. Нәтижесінде ол мектепке сирек хабарласып, педагогпен байланыс әлсіреді. Балаға арналған қолдау жүйесі де толық іске аспады.

Құндылыққа негізделген көзқарас – тыңдау, қабылдау, серіктестік орнату – отбасының сенімін күшейтеді және баланың дамуына тікелей әсер етеді. Ал құндылықтық сезімталдықтың төмендігі қарым-қатынасты қиындатып, бірлескен жұмыстың тиімділігін төмендетеді.

Мектептегі инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың жеке құндылықтары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың отбасыларымен сапалы серіктестік орнатудың шешуші факторы болып табылады. Гуманизм, эмпатия, қабылдау, жауапкершілік, ашықтық және әріптестікке бейімділік сияқты құндылықтар мұғалім мен ата-ана арасындағы сенімге негізделген қарым-қатынастың басты тірегі. Құндылықтық сезімталдығы жоғары педагог ата-ананың сезімдік жағдайын нәзік түсініп, олардың мектептен күтетін нақты сұраныстарын дұрыс интерпретациялайды. Мұндай педагогтар отбасымен бірлесе отырып, баланың оқу жетістігі мен әлеуметтік бейімделуін қолдайтын тиімді стратегияларды құрады.

Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім берудің қарқынды дамуы мұғалімдердің құндылықтық құзыреттілігін қалыптастыруды ерекше маңызды етеді. Мектеп практикасында педагогтың кәсіби рефлексиясы, супервизия, тренингтер, ата-анамен балалардың жеке оқу маршрутын талқылау мәдениетін дамыту – құндылыққа негізделген кәсіби шеберлікті нығайтатын тетіктер.

Болашақ зерттеулер мектеп мұғалімдерінің құндылықтық бағдарларының қалыптасуын, олардың ата-анамен әріптестікке дайындығын және құндылықтарды тәжірибеде іске асырудың тиімді модельдерін анықтауға бағытталуы тиіс. Бұл мектептегі инклюзивті практиканың сапасын арттырып, әр баланың табысты дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (өзгерістер мен толықтырулармен). – [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
2. Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан түзеу арқылы қолдау туралы» заңы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 27 ақпандағы №49 бұйрығы [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034117>
3. Шолпанкулова Г.К., Утегенова М.С. Инновациялық-білім беру ортасы жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби табыстылығының мәні мен құрылымы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2023. – Т. 2. – №77. – Б. 51-59.
4. Ерментаев А.Б., Ушакбаева К.Р. Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетін рухани адамгершілік құндылықтар негізінде жетілдіру мәселесі // Gumilyov Journal of Pedagogy. – 2025. – Т. 152. – №. 3. – Б. 221-236.

А.А. Балтагулова

«Әлеуметтік педагогика және білім берудегі педагогикалық қолдау»

ББ бағдарламасының 1 курс студенті

Г.Б. Таженова

ғылыми жетекші, оқытушы-эксперт, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Педагогика жоғары мектебі, Павлодар қ.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Андатпа. Бұл мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін әлеуметтік педагогтың кәсіби-этикалық жауапкершілігі жан-жақты қарастырылады. Инклюзивті білім беру ортасында педагогикалық этиканың, баланың құқықтарын құрметтеудің және психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызы талданады. Әлеуметтік педагогтың кәсіби этика нормаларын сақтау арқылы білім алушылардың қауіпсіз, қолайлы, тең мүмкіндікті ортада дамуына жағдай жасау қажеттілігі көрсетілген. Мақалада инклюзивті ортадағы әлеуметтік педагог қызметінің негізгі бағыттары мен этикалық ұстанымдарының теориялық негіздері қарастырылады.

Кілт сөздер: әлеуметтік педагог, этикалық жауапкершілік, ерекше білім беру қажеттілігі, инклюзивті білім беру ортасы, педагогикалық этика, баланың құқықтарын қорғау, психологиялық-педагогикалық қолдау.

Аннотация. В статье рассматривается профессионально-этическая ответственность социального педагога в работе с детьми с особыми образовательными потребностями. Анализируются ключевые аспекты педагогической этики, инклюзивной среды, защиты прав ребенка и психолого-педагогической поддержки. Особое внимание уделяется значимости соблюдения этических норм для создания безопасной, доступной и поддерживающей образовательной среды. В работе раскрываются основные направления деятельности социального педагога в инклюзивном образовании и их теоретические основы.

Ключевые слова: социальный педагог, этическая ответственность, особые образовательные потребности, инклюзивная образовательная среда, педагогическая этика, защита прав ребенка, психолого-педагогическая поддержка.

Abstract. The article discusses the ethical responsibilities of social educators working with children with special educational needs. It examines essential aspects of pedagogical ethics, inclusive learning environments, child protection, and psychopedagogical support. Special attention is given to the significance of ethical norms in ensuring a safe and supportive environment for children with disabilities. The paper highlights the primary tasks and ethical principles that guide social educators within inclusive education.

Keywords: social educator, ethical responsibility, special educational needs, inclusive education environment, pedagogical ethics, child rights protection, psychopedagogical support.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесінің кеңеюі мен ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының артуы әлеуметтік педагогтың

кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды күрделендіріп отыр. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне қосу олардың құқықтарын қамтамасыз етумен қатар, әлеуметтенуіне, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жағдай жасайды. Мұндай жағдайда әлеуметтік педагогтың жауапкершілігі мен кәсіби этикасы ерекше мәнге ие. ЕБҚ бар оқушылармен мектеп жағдайында жұмыс істеу тек психологиялық сүйемелдеу мен педагогикалық қолдауды ғана емес, сонымен бірге мамандардың жоғары деңгейдегі кәсіби және адамгершілік жауапкершілігін қажет етеді. Мамандардың жетіспеушілігі, олардың жаңа білімді игеру барысында кездесетін қиындықтар, инклюзивті ортадағы түрлі кедергілерді жою қажеттілігі, әлеуметтік педагогтың қызметін этикалық тұрғыда қайта қарау өзекті мәселе [1,82б]

ЕБҚ бар балалармен жұмыс барысында әлеуметтік педагог баланың құқығын қорғаушы, әлеуметтік-педагогикалық процестің үйлестірушісі және психологиялық қолдау көрсетуші тұлға ретінде ерекше жауапты рөл атқарады. Бұл оның кәсіби этика нормаларын қатаң сақтауды, білім алушының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, отбасы мен педагогтар арасындағы сенімді қарым-қатынасты ретті басқара білуді талап етеді. Инклюзивті ортада дұрыс ұйымдастырылмаған этикалық әрекеттер баланың дамуына, эмоционалдық жай-күйіне және әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық және әлеуметтік жағдайы жиі айрықша қолдауды талап етеді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік педагогтың кәсіби этика нормаларын терең меңгеруін, гуманистік ұстанымдарды басшылыққа алуын және тұлғалық бағдарланған жұмыс жүргізуін қажет етеді. Осы мақалада дәл осындай міндеттер аясындағы әлеуметтік педагогтың этикалық жауапкершілігі теориялық тұрғыда талданады.

Әлеуметтік педагог – бұл жаңа типтегі мұғалім. Баланы ол өзінің жеке пікірі бар, тәуелсіз тұлға ретінде таниды. Ал тұлғаны қалыптастыру процесі әлеуметтік процесс сияқты: бейімділік пен қабілеттің дамуы [2, 503б] Әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметінде этикалық нормаларды сақтау, баланың тұлғалық ерекшелігін құрметтеу, қауіпсіздік пен құпиялылықты сақтау, кемсітушілікке жол бермеу, ата-анамен серіктестік орнату сияқты маңызды аспектілерге негізделеді.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби этикасы, оның кәсіби мінез-құлқын, жұмыс стилін, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынасын реттейтін нормалар жүйесі. Педагогикалық этика гуманизм, әділдік, толеранттылық, жауапкершілік сияқты құндылықтарға негізделеді. ЕБҚ бар балаларға қатысты бұл талаптар күшейтіледі, себебі олардың психологиялық осалдығы, оқу мен қарым-қатынасқа бейімделу ерекшеліктері педагогтан ерекше сезімталдықты талап етеді.

Әлеуметтік педагогтың қызметінде кәсіби этиканың бірнеше негізгі қағидаты маңызды рөл атқарады.

Біріншіден, гуманистік бағыттылық: бала – басты құндылық, оның ерекшелігі кемшілік емес, дамытылатын потенциал ретінде қарастырылады. Екіншіден, жеке тұлғаға бағытталған тәсіл: әр баланың мүмкіндіктері, қызығушылықтары мен қажеттіліктері ескеріледі, бұл оның тұлғалық дамуына жағдай жасайды. Үшіншіден, әлеуметтік әділеттілік пен теңдік қағидасы барлық балаларға тең жағдай мен мүмкіндік ұсынуға бағытталған. Төртіншіден, кәсіби құпияны сақтау баланың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі этикалық норма болып табылады. Соңғысы, әріптестік пен ынтымақтастық: педагог ата-аналармен, әріптестермен және басқа мамандармен өзара әрекеттесуде ашықтық, сенімділік және этикалық жауапкершілікті сақтауы тиіс. Барлық осы қағидаттар әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекеттерін реттейтін негізгі этикалық принциптер болып табылады [3,926].

Баланың құқықтарын қорғау, этикалық жауапкершіліктің негізгі компоненті. Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» Заңында (2022 ж. жаңартылған редакция) ерекше қажеттілігі бар балаларға құқықтары бекітілген [4]

Құқықтың атауы	Мазмұны
Қауіпсіз орта	Баланың денсаулығы мен өміріне қауіпсіз жағдай жасау, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету
Сапалы білім	Жеке ерекшеліктеріне бейімделген, қолжетімді және сапалы білім алу құқығы
Психологиялық қолдау	Балаға психологиялық көмек, қолдау көрсету, оның эмоционалдық саулығын қорғау
Кемсітушіліктен қорғау	Тең құқықтық жағдайды қамтамасыз ету, кез келген кемсітушіліктен сақтау

ЕББҚ бар балалар жиі стресске, қорлауға, әлеуметтік оқшаулануға ұшырайды. Сондықтан педагог әр баланың құқықтық қорғалуына кепілдік беретін этикалық нормаларды сақтауы тиіс.

Инклюзивті білім беру ортасы әр баланың ерекшелігін ескеріп, тең мүмкіндіктер мен қолдау көрсететін бейімделген педагогикалық кеңістік. Мұнда әлеуметтік педагог баланың даму ерекшеліктерін диагностикалап, жеке қолдау жоспарын әзірлейді, эмоционалдық қолдау көрсетеді және қиын жағдайларды еңсеру стратегияларын үйретеді. Сонымен қатар педагог баланың құқықтарын қорғаумен айналысады: қауіпсіздікке кепілдік береді, кемсіту жағдайларын болдырмайды, білім алу мүмкіндіктерін теңдей қамтамасыз етеді және ата-аналарға құқықтық кеңес береді. Инклюзивті мәдениетті қалыптастыруда әлеуметтік педагог мектеп ұжымында толеранттылықты дамытып, оқушылар мен мұғалімдермен бірлесе отырып тиімді стратегиялар әзірлейді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда жиі байқалатын қиындықтар қатарына өзін-өзі бағалаудың төмендігі, коммуникациялық

кедергілер, қорқыныш және әлеуметтік оқшаулану жатады [5]. Мұндай жағдайда әлеуметтік педагогтың этикалық міндеттері ерекше мәнге ие. Ол алдымен жылы және сенімді атмосфера қалыптастырып, баланың эмоцияларын түсініп, қабылдауы керек. Сонымен қатар педагог балаларды ынталандыру, қолдау көрсету, олардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жағымсыз пікірлерден, қысым мен салыстырудан аулақ болуға міндетті. Егер бала өзін қауіпсіз сезінбесе, оқу процесі тиімді болмайды, ал қысым, ұрысу немесе салыстыру – этикалық тұрғыдан ең ауыр қателік болып саналады. Әлеуметтік педагог әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, оның ең кішкентай жетістіктерін де мойындауы тиіс. Бұл тәсіл баланың сенімін нығайтып, оқу мотивациясын арттыруға және әлеуметтік ортада бейімделуіне ықпал етеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда әлеуметтік педагогтың этикалық жауапкершілігі инклюзивті білім берудің табысты жүзеге асуының негізгі шарты. Әлеуметтік педагог этикалық нормаларды сақтай отырып, баланың қауіпсіздігін, құқықтарын және психологиялық жайлылығын қамтамасыз етеді. Оның кәсіби әрекеті инклюзивті ортаның дамуына, толерантты қоғам қалыптастыруға және балалардың әлеуметтенуіне елеулі үлес қосады.

Этикалық жауапкершілікті терең меңгерген маман ғана ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіп, олардың өмір сапасын жақсартуға үлес қоса алады.

Әдебиеттер

1. Альчимбаева А.Б., Алгожаева Н.С., Саманова Д.Б. Әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізетін психологиялық сүйемелдеу жұмыс бағдары // *Journal of Educational Sciences* (2520-2634). – 2023. – Т. 76. – №3. – Б.82 – 89.
2. Искакова И.А. Қазіргі заман жағдайындағы әлеуметтік педагог // *Technologies*. – 2021. – С. 503-505.
3. Sopova, D. (2022). Ethical Principles of Social Educator Activity. *The Modern Higher Education Review*, № 7, б. 90-98.
4. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
5. Сүлейменова Р.А. (2021). Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық қолдауындағы заманауи тәсілдер. *Pedagogics and Psychology*, №1, 2021

Н.Ә. Мұханғалиева

«Әлеуметтік педагогика және білім беруде педагогикалық қолау»

ББ бағдарламасының 1 курс студенті

Г.Б. Таженова

ғылыми жетекші, оқытушы-сарапшы, педагогика жоғары мектебі, Әлкей

Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЭТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтың этикалық мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері талданады. Инклюзивті ортадағы кәсіби-педагогикалық қарым-қатынасты реттейтін моральдық-этикалық нормалардың мазмұны ашылып, әлеуметтік педагог қызметіндегі құндылықтық бағдарлардың маңыздылығы айқындалады. Зерттеу барысында кәсіби этика, гуманистік құндылықтар, толеранттылық, құпиялылық, педагогикалық қолдау мәдениеті сияқты негізгі категориялар ғылыми тұрғыда жүйеленді. Сондай-ақ әлеуметтік педагогтың этикалық мәдениетін дамытуға ықпал ететін білім беру шарттары, кәсіби дайындық бағыттары, тренингтік және практикалық технологиялар сарапталды. Мақала қорытындысында инклюзивті білім беру процесінің тиімділігін арттыруда этикалық мәдениеттің шешуші рөл атқаратыны дәлелденіп, практикалық ұсыныстар берілді.

Кілтті сөздер: кәсіби этика, инклюзивті білім беру, әлеуметтік педагог, құндылықтар, нормалар.

Аннотация. В данной статье анализируются теоретико-методологические основы формирования этической культуры социального педагога в условиях инклюзивного образования. Раскрывается содержание морально-этических норм, регулирующих профессионально-педагогическое взаимодействие в инклюзивной среде, и определяется значимость ценностных ориентиров в деятельности социального педагога. В ходе исследования научно систематизированы такие ключевые категории, как профессиональная этика, гуманистические ценности, толерантность, конфиденциальность, культура педагогической поддержки. Кроме того, рассмотрены образовательные условия, направления профессиональной подготовки, тренинговые и практико-ориентированные технологии, способствующие развитию этической культуры социального педагога. В заключении статьи доказана решающая роль этической культуры в повышении эффективности инклюзивного образовательного процесса и представлены практические рекомендации.

Ключевые слова: профессиональная этика, инклюзивное образование, социальный педагог, ценности, нормы.

Abstract. This article analyzes the theoretical and methodological foundations for developing the ethical culture of a social pedagogue in the context of inclusive education. The content of moral and ethical norms regulating professional and pedagogical interaction in an inclusive environment is revealed, and the importance of value orientations in the work of a social pedagogue is identified. The study scientifically systematizes key categories such as professional ethics, humanistic values, tolerance, confidentiality, and the culture of pedagogical support. In addition, the educational conditions, areas of profes-

sional training, as well as training-based and practical technologies that contribute to the development of the social pedagogue's ethical culture are examined. The conclusion of the article demonstrates the decisive role of ethical culture in improving the effectiveness of the inclusive educational process and provides practical recommendations.

Keywords: professional ethics, inclusive education, social pedagogue, values, norms.

Әлеуметтік педагог мамандығы балалар мен жастардың, сондай-ақ қоғамның әртүрлі топтарының әлеуметтік мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарады [1]. Қазіргі уақытта білім беру саласында инклюзивті қағидаларды енгізу арқылы әрбір баланың оқу процесіне тең қолжетімділігін қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік саясатың басым бағыттарына кіріп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасау маңызды. Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтың этикалық мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері талданады.

Әлеуметтік педагог – инклюзивті ортада тек оқу үдерісін қолдаушы ғана емес, сонымен қатар психоәлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін, педагогикалық ұжым мен ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнататын және әр баланың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын маман. Осы қызметті нәтижелі атқару – кәсіби этика нормаларын меңгеруі, гуманистік құндылықтарды ұстануы, толерантты қарым-қатынас орната білуі және құпиялылықты сақтау қабілеті аса маңызды.

Қоғамның әлеуметтік экономикалық өзгерістері жағдайында заманауи қоғамда болашақ мамандарды кәсіби даярлау мәселесі өзекті болып келеді. Осы орайда жоғарғы оқу орындарында болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау мәселесі мамандық шеңберіндегі тек білім, білік, дағдыларды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар оның тұлғалық тұрғыда жетілуін, өмірлік көзқарасын белсендіруді, бойындағы кәсіби маңызды және кәсіби тұлғалық қасиеттерді дамытуды талап етеді [2].

Инклюзивті ортада әлеуметтік педагог қызметіндегі құндылықтық бағдарлардың маңыздылығы ерекше. Этикалық мәдениет – кәсіби қызметті реттейтін моральдық-адамгершілік қағидалар мен нормалардың, жауапкершілік пен қарым-қатынас мәдениетінің үйлесімді жүйесі.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби-этикалық бейнесі қандай болу қажет:

Ең бастысы – педагог әрбір оқушының құқығы мен мүддесін бірінші орынға қойып, қадір-қасиетін құрметтеу қажет, егер әлеуметтік педагогтың бойында осы қасиеттер болса-педагог гуманистік тұрғыдан бағытталған деген сөз.

Сонымен қатар, оқушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен, және қоғамдық ортада – өзің сыпайы, мәдениетті ұстау қажет. Психологиялық тұрғыдан мықты, баланың өміріне қатысты ақпаратты конфиденциалды түрде сақтай алатын, әділ, және коммуникативті тұлға болу қажет.

Әлеуметтік педагог өз қызметін атқару барысында осы нормаларға сүйенеді: кәсіби этиканы сақтау, жауапкершіл болу, және әлеуметтік әділеттілік құндылығы және т. б.

Әлеуметтік педагогті даярлау – оның кәсіби құзыреттілігін, тұлғалық дамуын, этикалық мәдениетін және әлеуметтік-педагогикалық әрекетке дайын болуын қамтитын кешенді процесс. Кәсіби дайындық бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: тұлғалық-дамытушылық дайындық, теориялық-пәндік дайындық, кәсіби-коммуникативтік дайындық, практикалық-бағдарлы дайындық.

Тренингтер – әлеуметтік педагогтың кәсіби шеберлігін дамытуда ең тиімді технологиялардың бірі болып табылады. Олар тәжірибеге сүйенген, интерактивті, қатысушылардың жеке тәжірибесін белсендендіретін әдістер арқылы өткізіледі. Соның ішінде: коммуникативтік, эмоцияларды басқару, конфликтіні реттеу, командалық өзара әрекеттесу тренингтері.

Тренингтерден бөлек, әлеуметтік педагог тәжірибесінде нақты жағдайларға бейімделген практикалық технологиялар қолданылады. Олар кәсіби әрекеттің тиімділігін арттыруға бағытталған. Практикалық технологияларға: әлеуметтік-педагогикалық диагностика, жеке және топтық кеңес беру, қауіп-қатер тобындағы балалармен жұмыс, коррекциялық және дамыту, әлеуметтік жобалау, волонтерлік технологиялар жатады.

Әлеуметтік педагогтің кәсіби дайындығы теориялық білімді меңгерумен ғана шектелмейді, ол үздіксіз тренингтік жұмыстарды, практикалық технологияларды және кәсіби этикалық мәдениетті дамытуды қажет етеді. Тренингтер мен практикалық әдістер педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттырып, инклюзивті білім беру жағдайында тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Абай атамыздың отыз сегізінші қара сөзі – әлеуметтік педагогтың адамгершілік болмасымен тікелей байланысты. Адамды адам ететін ең басты құндылық-мейірім, ұстамдылық, әділдік, шындық, және рақым [3] Әлеуметтік педагог – эмпатия, адалдық пен әділдік негізгі этикалық нормалар болып табылады. Инклюзивті білім беру жағдайында этикалық мәдениеттің жоғары деңгейі балалардың психоәлеуметтік бейімделуі мен білім алу мүмкіндіктерін кеңейтіп, мектептегі қолайлы ахуалды қамтамасыз ететіні анықталды. Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру процесінің тиімділігі әлеуметтік педагогтың этикалық мәдениетіне тікелей байланысты. Сондықтан болашақ мамандардың кәсіби этикасын дамыту білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік педагогтарды даярлау бағдарламаларын жетілдіруге, практикалық жұмыста қолдануға және инклюзивті ортадағы педагогикалық қолдауды жақсартуға бағытталған маңызды практикалық ұсыныстарды ұсынады.

Әдебиеттер

1. Ерсұлтанова Г.С., Төлеубекова Р.К., Асылбекова М.П. Ғылыми-практикалық дайындық барысында болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби функцияларын қалыптастыру ерекшеліктері // ҚР ҰҒА Хабаршысы.– 2025.– Т. 413.– №1.– Б. 148–168.
2. Баймаханова У.М., Жумажанова К.И., Жаныбекова Л.Т. Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби стрессінің алдың алу мәселесін зерттеудің ерекшеліктері // The XIV International Science Conference «Theoretical foundations in practice and science», December 21–24, 2021, Bilbao, Spain. – 2021. – Б. 334.
3. Абай Қара сөзлері – Алматы: Жазушы, 2016. – 350 б.

ӘОЖ 37. 04-053

Н.А. Қабдолланова

«Әлеуметтік педагогика және білім беруде педагогикалық қолдау» ББ бағдарламасының 1 курс студенті,

Г.Б. Таженова

ғылыми жетекші, оқытушы-сарапшы, педагогика жоғары мектебі, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ЭТИКАСЫНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби этикасының рөлі қарастырылады. Инклюзивті ортада педагогтың этикалық құндылықтарға сүйене отырып әрекет етуі, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруі, толерантты орта қалыптастыруы және білім алуда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі маңызды екендігі көрсетіледі. Сондай-ақ мұғалімнің кәсіби этикасын сақтаудың инклюзивті білім беруді тиімді ұйымдастырудағы психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік аспектілері талданады.

Кілтгі сөздер: инклюзивті білім беру, кәсіби этика, мұғалім, толеранттылық, педагогикалық құндылықтар, теңдік.

Аннотация. В статье рассматривается роль профессиональной этики педагога в условиях инклюзивного образования. Подчеркивается важность соблюдения этических норм, уважения индивидуальных особенностей учащихся, формирования толерантной образовательной среды и обеспечения равных возможностей для всех детей. Анализируются психологические, педагогические и социальные аспекты, влияющие на реализацию инклюзивной практики.

Ключевые слова: инклюзивное образование, профессиональная этика, педагог, толерантность, педагогические ценности, равенство.

Annotation. The article examines the role of teacher's professional ethics in the context of inclusive education. It highlights the importance of adhering to ethical standards, respecting individual differences among students, creating a tolerant educational environment, and ensuring equal opportunities for all learners. Psychological, pedagogical, and social aspects influencing the implementation of inclusive practice are analyzed.

Keywords: inclusive education, professional ethics, teacher, tolerance, pedagogical values, equality.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларды, олардың физикалық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан, бір ортада оқытуға бағытталған жүйе. Мұғалімнің кәсіби этикасы инклюзивті үдерістің табысты жүзеге асырылуының негізгі шарттарының бірі.

Гуманизм, толеранттылық, әділдік, жауапкершілік сияқты этикалық құндылықтар жалпы педагогикада маңызды орын алса, инклюзивті ортада олар міндетті талапқа айналады. Педагог оқушыға эмоционалды қолдау көрсетіп, оның қабілеттерін дамытуға көмектесу арқылы білім алуға қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасайды.

Инклюзивті білім беру шеңберінде мұғалім мынадай міндеттерді орындайды:

- барлық балалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін құрметтеу;
- дискриминацияға жол бермеу;
- әр баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес оқу тапсырмаларын бейімдеу;
- психологиялық қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру;
- оқушылар арасындағы өзара сыйластық пен түсіністікті қолдау.

Этикалық нормаларды бұзу баланың өзін-өзі бағалауына, мотивациясына, психологиялық жағдайына теріс әсер етеді және оның әлеуметтенуін қиындатады.

Мұғалімнің кәсіби этикасының негізгі қағидалары

1. Гуманизм және адамға құрмет

Әрбір баланың жеке құндылық ретінде қабылдануы – инклюзивті мұғалімнің басты қағидаларының бірі. ЕББҚ бар балаларға құрметпен қарау, олардың пікірін ескеру, психологиялық қолдау көрсету педагогтың міндеті болып табылады.

2. Әділдік және тең мүмкіндіктер сақтау

Инклюзивті ортада мұғалім балаларды салыстырмай, әрқайсысының жеке прогресін бағалауы тиіс. Бұл кәсіби этиканың негізгі талаптарының бірі. Әділ бағалау мен қолдау баланың өзіндік тиімділігін арттырады.

3. Толеранттылық және мәдениетаралық түсіністік

Кез келген ерекшелігі бар балаға жағымды қарым-қатынас таныту, олардың өзгешелігін қабылдау және сыныптағы басқа оқушыларға да осыны үйрету – мұғалім кәсіби этикасының маңызды бөлігі.

4. Құпиялылық сақтау

ЕББҚ бар балалардың денсаулық жағдайы, психологиялық ерекшеліктері немесе отбасы туралы ақпаратты жариялау – этикалық қателік. Педагог ақпаратты тек оқу-тәрбие үдерісіне қажетті жағдайда, ата-ананың келісімімен ғана қолдануы қажет.

5. Жауапкершілік және кәсіби рефлексия

Мұғалімнің кәсіби әрекеті үздіксіз дамуды талап етеді. Инклюзивті ортада педагог жаңа әдістерді меңгеріп, өз жұмысын үнемі талдап, жетілдіріп отыруы тиіс.

Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби этикасы оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогтың этикалық қағидаттарды ұстануы, ең алдымен, оқу материалы мен тапсырмаларды оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне бейімдеу тәсілдерінен көрінеді. Мұғалім оқу мазмұнын саралап, қажет болған жағдайда оны жеңілдетіп немесе түрлендіріп ұсына отырып, білім алушының оқу мотивациясын арттыруға және оның оқу әрекетіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Кәсіби этиканың тағы бір маңызды аспектісі – психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Этикалық тұрғыдан құзыретті педагог баланың эмоционалдық жағдайын ескере отырып, оған сенім білдіру, тұрақты қолдау көрсету, жағымды кері байланыс ұсыну және психологиялық тұрғыдан қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру арқылы инклюзивті ортадағы әлеуметтену үдерістерін жеңілдетеді.

Сонымен қатар, кәсіби этика сыныптағы коммуникацияның жалпы мәдениетін реттеуде маңызды рөл атқарады. Мұғалім оқушылардың өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыру барысында кемсітушілік, қорлау немесе агрессияның кез келген түріне жол бермеуі тиіс. Осындай талаптарды сақтау инклюзивті оқытудағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің сапасын арттырып, сынып қауымдастығының үйлесімді дамуына жағдай жасайды.

Инклюзивті тәжірибенің тиімді жүзеге асуы ата-аналармен этикалық тұрғыдан дұрыс құрылатын өзара әрекетке де тәуелді. Мұғалім мен отбасы арасындағы ашық диалог, өзара құрмет және серіктестік қатынастар білім алушыны қолдаудың кешенді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде баланың инклюзивті ортада табысты бейімделуі мен дамуын қамтамасыз етеді.

Мұғалімнің кәсіби этикасы сақталмаған жағдайда білім беру үдерісінде бірқатар күрделі мәселелер туындауы мүмкін. Этикалық нормалардың бұзылуы оқушының психологиялық тұрғыдан жарақат алуына, оның оқу үдерісіне деген қызығушылығының төмендеуіне және сыныптағы жалпы эмоционалдық атмосфераның нашарлауына әкеледі. Сонымен бірге мұндай жағдайлар баланың әлеуметтік бейімделуіне кері әсер етіп, ата-аналармен немесе әріптестермен өзара қатынастардың шиеленісуіне себеп болуы ықтимал.

Инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби этиканың сақталуы ерекше мәнге ие, өйткені мұғалімнің этикалық ұстанымдары барлық оқушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп, олардың жеке ерекшеліктерін құрметтеуге негізделген білім беру кеңістігін құруға мүмкіндік береді. Этикалық қағидаттарды басшылыққа алу психологиялық қауіпсіз ортаның қалыптасуына ықпал етеді, бұл өз кезегінде білім алушылардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді.

Кәсіби этика мұғалімнің тұлғалық және кәсіби мәдениетінің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттыратын маңызды фактор болып табылады. Педагогтың кәсіби этикасы жоғары деңгейде сақталған жағдайда білім беру ортасы шынайы инклюзивті, қолжетімді және адамгершілік қағидаттарына негізделген сипатқа ие болады.

Әдебиеттер

1. Назарова Н.Н. Инклюзивное образование: теория и практика. – М.: Академия, 2012. – 240 с.
2. Слостенин В.А. Педагогика. – М., 2011. – 380 с.
3. Хамзина Г.Т. Инклюзивті білім беру негіздері. – Алматы: Білім, 2019. – 210 б.
4. Малофеев Н.Н. Инклюзивное образование: современный взгляд. – М., 2015. – 185 с.
5. UNESCO. Inclusive Education Guidelines. – Paris, 2017. – 52 p.

УДК 37. 04-053

В.И. Назаренко

студентка 1 курса ОП «Социальная педагогика и педагогическая поддержка в образовании»

Г.Б. Таженова

научный руководитель, преподаватель-эксперт, Высшей школы педагогики Павлодарского педагогического университета имени Ә.Марғұлана

ПРАВСТВЕННО-ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ ПРИНЦИПЫ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ

Аннотация. В статье представлено расширенное исследование нравственно-профессиональных принципов социально-педагогической деятельности, включающее анализ гуманистических оснований, профессиональной ответственности, норм педагогической этики и роли данных принципов в построении инклюзивного образовательного пространства. Рассматриваются исторические предпосылки формирования профессиональных ценностей и современные подходы к реализации требований социальной педагогики.

Ключевые слова: социальная педагогика, нравственные принципы, профессиональная этика, инклюзивное образование, гуманизм, ответственность, педагогическая культура.

Аңдатпа. Бұл мақалада әлеуметтік педагог қызметінің адамгершілік-кәсіби қағидаттары жан-жақты зерттеледі. Гуманистік негіздер, педагогикалық этика нормалары, кәсіби жауапкершілік және инклюзивті білім беру кеңістігін қалыптастырудағы олардың рөлі талданады. Әлеуметтік педагогиканың тарихи дамуы мен заманауи талаптары да қарастырылады.

Кілтті сөздер: әлеуметтік педагогика, адамгершілік қағидаттар, кәсіби этика, инклюзивті білім беру, гуманизм.

Abstract. The article provides an extended analysis of the moral and professional principles of social pedagogical work, including humanistic foundations, ethical norms, professional responsibility, and their importance in forming an inclusive educational environment. Historical development, theoretical foundations, and modern practical approaches are examined.

Keywords: social pedagogy, moral principles, ethics, inclusion, humanism, responsibility.

Социально-педагогическая работа является одной из ключевых областей современного образования, ориентированной на создание условий для полноценного развития и социализации обучающихся. Особую значимость данная деятельность приобретает в условиях реализации инклюзивного образования, которое предполагает обеспечение равных образовательных возможностей для всех детей, включая лиц с особыми образовательными потребностями.

Формирование нравственно-профессиональных принципов педагогической деятельности имеет глубокие исторические корни, восходящие к философским и педагогическим учениям различных эпох. Первые системные представления о нравственной основе педагогического труда обнаруживаются в трудах мыслителей античности. Концепции Сократа, Платона и Аристотеля исходили из признания воспитания ключевым механизмом развития личности и формирования добродетелей. В рамках их философских систем подчеркивалась взаимосвязь между внутренним моральным становлением человека и его способностью к активной, осмысленной социальной деятельности.

В последующие исторические периоды идеи гуманистического воспитания получили дальнейшее развитие в трудах Я.А. Коменского, И.Г. Песталоцци, а также Л.Н. Толстого. Их подходы акцентировали значимость уважения к личности ребенка, признания его природного потенциала и необходимости создания условий для гармоничного развития. Данные концепции способствовали формированию ценностно-этической основы педагогической профессии, в которой гуманизм, ответственность и профессиональная рефлексия стали ключевыми ориентирами.

В совокупности эти идеи заложили фундамент для выделения и закрепления основных нравственно-профессиональных принципов, определяющих современную педагогическую деятельность, включая работу социального педагога. Профессиональная этика в данном контексте представляет собой систему норм и требований, регулирующих поведение специалиста в разнообразных педагогических и социальных ситуациях. Для социального педагога эти нормы приобретают особую значимость, поскольку его профессиональная деятельность связана со взаимодействием с детьми, находящимися в трудных жизненных обстоятельствах, семьями, испытывающими социальные риски, а также с различными социальными институтами. Таким образом, историческая эволюция

этических представлений предопределила современное понимание профессиональной ответственности, гуманистической направленности и моральной целостности социального педагога.

Таблица 1 – Основные положения профессиональной этики

Положение профессиональной этики	Краткое содержание
Уважение человеческого достоинства каждого ребёнка	Признание уникальности, ценности и прав каждого обучающегося.
Обеспечение безопасности и психологического комфорта обучающихся	Создание благоприятной, безопасной и поддерживающей образовательной среды.
Соблюдение принципа справедливости	Равное отношение ко всем детям, объективность в оценивании и взаимодействии.
Недопустимость дискриминации по любому признаку	Исключение любых форм неравенства: по полу, возрасту, национальности, мнению, состоянию здоровья и др.
Профессиональная ответственность и честность	Добросовестное выполнение обязанностей, следование профессиональным нормам и правилам.

В контексте инклюзивного образования нравственные принципы приобретают особую значимость. Социальный педагог становится ключевым специалистом, обеспечивающим адаптацию детей с ООП, создание доступной среды, а также предотвращение случаев социальной изоляции. Содержание и практическое выражение принципов социально-педагогической деятельности отражены в таблице 2.

Таблица 2 – Принципы социально-педагогической деятельности

Принцип толерантности	Предполагает принятие различий между обучающимися; содействие развитию культуры диалога, уважения и взаимной поддержки.	Создание условий для конструктивного общения детей с разным уровнем подготовки, способностей и социальных характеристик.
Принцип справедливости	Требует равного отношения ко всем детям и исключает любые формы предвзятости.	Обеспечение объективности в оценке поведения и достижений; защита прав обучающихся в образовательном процессе.
Принцип толерантности	Предполагает принятие различий между обучающимися; содействие развитию культуры диалога, уважения и взаимной поддержки.	Создание условий для конструктивного общения детей с разным уровнем подготовки, способностей и социальных характеристик.

Гуманизм предполагает признание уникальности, автономии и ценности каждого человека. В социально-педагогической деятельности гуманистический подход реализуется через поддержку индивидуальности обучающихся, создание условий для их личностного роста, саморазвития и поддержания позитивной самооценки.

Современная образовательная среда характеризуется высокой степенью вариативности, многообразием социально-культурных условий и ростом числа детей, нуждающихся в психолого-педагогической поддержке. В связи с этим возрастает необходимость совершенствования профессиональных компетенций социального педагога и расширения перечня нравственных регуляторов деятельности.

В современных условиях развитие социально-педагогической деятельности невозможно без опоры на чётко сформулированные нравственно-профессиональные принципы, которые обеспечивают целостность, обоснованность и гуманистическую направленность работы специалиста. Эффективность социально-педагогической практики определяется не только владением методами и технологиями сопровождения обучающихся, но и степенью сформированности моральных ориентиров педагога, его способностью действовать в соответствии с этическими нормами, принимаемыми профессиональным сообществом.

Особую актуальность данная проблематика приобретает в условиях стремительных социальных трансформаций, изменения семейных структур, усиления миграционных процессов, роста социального неблагополучия и увеличения числа детей, нуждающихся в специализированной психолого-педагогической поддержке. Эти тенденции требуют от социального педагога высокой профессиональной гибкости, компетентности и готовности принимать решения, основанные на глубоком понимании моральных ценностей и социально значимых норм. Кроме того, расширение инклюзивных практик и необходимость создания доступной образовательной среды формируют дополнительные требования к этической позиции специалиста, в частности – к его умению предотвращать дискриминацию, соблюдать принципы толерантности, справедливости и социального равноправия.

Нравственно-профессиональные принципы выполняют важнейшую регулятивную функцию: они определяют допустимые границы профессионального вмешательства, формируют моральную ответственность за принятые решения и обеспечивают устойчивость профессионального поведения в сложных, конфликтных или неоднозначных ситуациях. Научные исследования в области социальной педагогики подчёркивают, что именно этические ориентиры позволяют педагогу сохранять объективность, предотвращать профессиональные деформации, обеспечивать доверительный характер взаимодействия между всеми участниками образовательного процесса.

Таким образом, обращение к проблеме нравственно-профессиональных принципов представляет собой не только теоретически значимое направление исследования, но и практическую необходимость современного образования. Изучение содержания, функций и особенностей применения этих принципов способствует повышению качества социальной поддержки обучающихся, укреплению гуманистических оснований педагогической деятельности и формированию профессиональной культуры социального педагога. Всё это обосновывает необходимость комплексного анализа нравственно-профессиональных принципов, их роли и места в системе социально-педагогической работы в условиях современного общества. Нравственно-профессиональные принципы социально-педагогической работы являются не только основой профессионального поведения специалиста, но и важнейшим условием эффективного развития инклюзивного образования. Реализация данных принципов создаёт предпосылки для формирования гуманистически ориентированной образовательной среды, обеспечивающей защиту прав и интересов каждого ребёнка.

Литература

1. Смирнов И.Н. Социальная педагогика. – М.: Элит, 2020. – 231 с.
2. Асылбекова А. Инклюзивное образование в современном обществе. – Бастау, Алматы, 2021. – 312 с.
3. UNESCO. Inclusive Education Guidelines. – Paris, 2017. – 48 с.
4. Колесникова И.А. Педагогическая этика. – Санкт-Петербург, 2019.
5. Rogers C. A Way of Being. – Boston, 1995.
6. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Directmedia, 2014. – 310 с.

УДК 17.024

М.А. Яценко

студентка 1 курса ОП «Социальная педагогика и педагогическая поддержка в образовании»

Г.Б. Таженова

научный руководитель, преподаватель-эксперт Высшей школы педагогики Павлодарского педагогического университета имени Элкей Марғұлан, г. Павлодар

ТРИ УРОВНЯ КЛАССИЧЕСКОГО МОРАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ В ИНКЛЮЗИВНОМ КЛАССЕ: АРИСТОТЕЛЬ, КАНТ И КЭРОЛ ГИЛЛИГАН

Аннотация. В статье рассматривается возможность применения трёх классических философских концепций морали – этики добродетели Аристотеля, деонтологической этики Канта и этики заботы Кэррол Гиллиган – в практике морального воспитания учащихся в условиях инклюзивного класса. Предлагается трехуровневая модель морального воспитания, где каждый уровень соответствует определенной философской традиции и учитывает возрастные и индивидуальные особенности детей, в том числе с особыми образовательными потребностями (ООП). Обосновыва-

ется актуальность интеграции классических теорий в работу социального педагога инклюзивной школы.

Ключевые слова: моральное воспитание, инклюзивное образование, социальная педагогика, этика добродетели, деонтология, этика заботы.

Abstract. The article examines the possibility of applying three classical philosophical concepts of morality – Aristotle’s virtue ethics, Kant’s deontological ethics, and Carol Gilligan’s ethics of care – in the practice of moral education of students in an inclusive classroom. A three-level model of moral education is proposed, where each level corresponds to a specific philosophical tradition and takes into account the age and individual characteristics of children, including those with disabilities. The relevance of integrating classical theories into the work of a social teacher in an inclusive school is substantiated.

Keywords: moral education, inclusive education, social pedagogy, virtue ethics, deontology, ethics of care.

Андатпа. Мақалада инклюзивті сынып жағдайында оқушыларды моральдық тәрбиелеу тәжірибесінде үш классикалық философиялық моральдық тұжырымдаманы – Аристотельдің ізгілік этикасын, Канттың деонтологиялық этикасын және Кэрол Гиллиганның қамқорлық этикасын қолдану мүмкіндігі қарастырылады. Моральдық тәрбиенің үш деңгейлі моделі ұсынылады, мұнда әр деңгей белгілі бір философиялық дәстүрге сәйкес келеді және балалардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескереді. Классикалық теорияларды инклюзивті мектептің әлеуметтік педагогының жұмысына кіріктірудің өзектілігі негізделеді

Түйін сөздер: моральдық тәрбие, инклюзивті білім беру, әлеуметтік педагогика, ізгілік этикасы, деонтология, қамқорлық этикасы.

Современное инклюзивное образование ставит перед педагогами задачу не только академической, но и моральной социализации детей с разными возможностями здоровья и социальным опытом в одном классе [1]. *Моральное воспитание* в таких условиях требует особой гибкости: необходимо одновременно формировать универсальные нормы поведения, уважение к правилам и способность к эмпатии и заботе.

Моральное развитие ребенка в инклюзивной среде протекает в условиях постоянного столкновения разных ценностей, физических и психических возможностей, культурных норм. Социальному педагогу нужен инструмент, который позволит одновременно формировать базовые привычки правильного поведения (добродетели), учить соблюдению универсальных правил независимо от обстоятельств и развивать способность к заботе и пониманию чужой уязвимости.

Для построения целостной системы морального воспитания в инклюзивном классе автор обращается к трём классическим философским традициям, представляющим разные исторические периоды и подходы к пониманию морали. Аристотель (IV в. до н.э.) заложил основы этики добродетели, показав, что мораль рождается из привычки и формирования характера. Иммануил Кант (XVIII в.) разработал деонтологическую этику, в центре которой – универсальный нравственный закон и безусловное достоинство личности. Кэрол Гиллиган (XX–XXI вв.) дополнила

и скорректировала прежние модели, введя этику заботы и показав значение эмпатии и ответственности за отношения, особенно в контексте гендерных и социальных различий. Выбор именно этих мыслителей обоснован тем, что они представляют три фундаментальных измерения морали, дополняют друг друга и вместе охватывают весь спектр задач, стоящих перед социальным педагогом в инклюзивной среде: от формирования базовых привычек до развития высшей способности к сопереживанию и принятию уязвимости другого.

Уровень 1. Этика добродетели Аристотеля: формирование характера через привычку.

Аристотель считал, что нравственным человек становится не через знание абстрактных правил, а через повторяющееся правильное действие, которое со временем превращается в привычку и черту характера (гексис) [2]. В инклюзивном классе этот уровень соответствует младшему школьному возрасту (7–10 лет) и детям с выраженными трудностями саморегуляции. Цель: формирование таких добродетелей, как терпение, самоотверженность, дружелюбие, которые становятся автоматическими реакциями.

Уровень 2. Деонтологическая этика Канта: уважение к правилу и достоинству личности

На втором уровне (10–14 лет) появляется способность к абстрактному мышлению и пониманию универсальности норм. Кант утверждал, что моральное действие совершается из уважения к нравственному закону, а не из страха наказания или желания похвалы [3, с.47]. В инклюзивном классе это особенно важно: ребенок учится видеть в каждом однокласснике равное по достоинству человеческое существо.

Уровень 3. Этика заботы Кэрол Гиллиган: развитие эмпатии и ответственности за отношения

Кэрол Гиллиган показала, что традиционные теории морального развития (в частности, модель Л. Кольберга, основанная на Кантовской традиции) недооценивают «голос заботы» – мораль, ориентированную на сохранение отношений и ответственность за другого [4, с.128]. В инклюзивном классе именно этот уровень становится завершающим (14-17 лет) и самым важным, потому что здесь происходит настоящее принятие различий и уязвимости другого.

Интеграция трех уровней: модель «Добродетель–Долг–Забота»

Предлагаемая модель не базируется только на возрастной периодизации: в одном классе могут одновременно работать все три уровня в зависимости от зоны ближайшего развития конкретного ребенка [5, с.89]. Социальный педагог выступает фасилитатором перехода от привычки (Аристотель) к осознанию долга (Кант) и к заботе (Гиллиган).

Социальный педагог в инклюзии – это одновременно «тренер добродетелей», «хранитель правил» и «координатор заботы». Он должен знать зону ближайшего морально-нравственного развития каждого ре-

бёнка [6, с.187] и уметь переводить философские категории на язык доступных детям историй, игр и проектов [7, с.].

Классические теории морали дают четкую трехуровневую структуру, которая подходит для разноуровневого и разноскоростного по дифференциации инклюзивного класса. Модель «Добродетель (Аристотель) – Долг (Кант) – Забота (Гиллиган)» позволяет социальному педагогу выстраивать последовательную и индивидуализированную работу по моральному воспитанию, превращая инклюзивный класс в настоящее нравственное сообщество.

Литература

1. Малофеев Н.Н., Никольская О.С. Инклюзивное образование в России: итоги и перспективы // Вестник образования. 2021 – №4 – С. 12-25
2. Аристотель. Никомахова этика пер. с древнегреч. Н.В. Брагинской // М.: Эксмо, 2019. // 448 с.
3. Кант И. Основы метафизики нравственности / пер. с нем. Б. Фохта. // М.: АСТ, 2023. // 384 с. (Раздел I-II, с. 47-89, 105-127).
4. Гиллиган К. Иным голосом: психологическая теория и развитие женщин / пер. с англ. // СПб.: Питер, 2020. // 384 с. (гл. 1 «Женские представления о морали» и гл. 3 «Понятия о себе и морали», с. 19-74, 128-174).
5. Шипицына Л.М. Психология детей с нарушениями интеллектуального развития. // СПб.: Речь, 2017. // 312 с. (С. 89-114, 205-230).
6. Выготский Л.С. Проблема возраста // Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. // М.: Эксмо, 2025. // 528 с. (С. 187–214).
7. Суворова В.В., Сухарев Н.А., Иншакова Е.И. Инклюзивная педагогика: учебное пособие. // Казань: КИУ, 2019. // 256 с. (С. 67-93, 154-178).

ӘОЖ 37. 04-053

Д.Т. Жаскайрат

*«Әлеуметтік педагогика және білім беруде педагогикалық қолдау»
ББ бағдарламасының 1 курс студенті,*

Г.Б. Таженова

*ғылыми жетекші, оқытушы-сарапшы педагогика жоғары мектебі, Әлкей
Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*

МЕКТЕПТЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Андатпа. Бұл мақалада мектептегі инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтың этикалық ұстанымдарының маңызы қарастырылады. Инклюзивті ортада жұмыс істейтін маманның кәсіби этикасы, балалардың құқықтарын сақтау, кемсітпеу қағидаттары, құпиялықты қорғау, ата-аналармен және педагогтармен серіктестік орнату мәселелері талданады. Әлеуметтік педагогтың этикалық нормаларды сақтауы білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, инклюзивті білім берудің тиімді жүзеге асуына ықпал ететіні атап өтіледі.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру, әлеуметтік педагог, этикалық ұстанымдар, кәсіби этика, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар.

Аннотация. В статье рассматриваются ключевые этические принципы деятельности социального педагога в условиях инклюзивного обучения. Анализируется роль социального педагога в создании безопасной, толерантной и поддерживающей среды для обучающихся с особыми образовательными потребностями. Особое внимание уделено таким аспектам, как соблюдение прав ребенка, конфиденциальность, недопущение дискриминации, профессиональная ответственность и взаимодействие с семьей и педагогическим коллективом.

Ключевые слова: инклюзивное образование, социальный педагог, профессиональная этика, права ребенка, этические нормы.

Инклюзивті білім беру – қазіргі қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік пен теңдік қағидаттарына негізделген білім беру жүйесінің маңызды бағыты. Инклюзивті білім берудің басты мақсаты – әрбір баланың жеке ерекшелігіне, оқу мүмкіндігіне, денсаулық жағдайына қарамастан жалпы білім беру процесіне толыққанды қатысуына жағдай жасау. Бұл жүйеде барлық оқушылардың қажеттіліктері ескеріледі, оларға психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Осындай қолдау тетіктерін жүзеге асыратын негізгі мамандардың бірі – әлеуметтік педагог. Әлеуметтік педагог инклюзивті ортада баланың құқықтарын қорғауда, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, оқу процесіне тиімді қатысуына жағдай жасауда ерекше рөл атқарады. Әсіресе ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың мектепке бейімделуінде, сыныптастарымен қарым-қатынас орнатуында, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыруда әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметі мен этикалық ұстанымдары шешуші маңызға ие. Этикалық нормаларды сақтау – баламен қарым-қатынастың сапасына, ата-анамен және әріптестермен жұмыс тиімділігіне тікелей әсер ететін негізгі фактор.

Инклюзивті білім беру – бұл ерекше білім қажеттіліктері бар балаларға тең мүмкіндік жасап, оларды жалпы білім беру ортасына кіріктіретін қазіргі заманғы білім беру бағыты. Бұл жүйе баланың ерекшелігін қабылдай отырып, оның әлеуметтенуіне, эмоционалдық және танымдық дамуына жағдай жасауды көздейді. Инклюзивті мектептің табысты жұмыс істеуі көп жағдайда әлеуметтік педагогтың этикалық ұстанымдарына, кәсіби құзыреттілігіне және адамгершілік позициясына тікелей байланысты.

М.П. Оспанбаева инклюзивті білім беруді «баланың ерекшелігін ескеріп, сапалы білім беруді қамтамасыз ететін әлеуметтік-педагогикалық құбылыс» деп сипаттайды және педагогтардың кәсіби даярлығы инклюзивті ортаның басты шарты екенін баса көрсетеді [1, б.3]. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтың этикалық ұстанымдары ең алдымен баланың адамдық қадір-қасиетін құрметтеу қағидасына сүйенеді. Әрбір оқушының жеке қабілеті мен даму қарқынын қабылдау, оның мүмкіндігіне қарай қолдау көрсету және оған

лайық білім ортасын қалыптастыру – педагогтың кәсіби миссиясы. Бұл ұстаным тек әдістемелік талап емес, сонымен бірге моральдық жауапкершілік. Инклюзивті ортада оқушы өзін қауіпсіз сезінгенде ғана оның оқу мотивациясы артып, мектепке деген сенімі нығаяды. Оспанбаева еңбегінде психологиялық қолдаудың ерекше маңыздылығы айтылып, мұндай қолдау оқушының өзін-өзі бағалауына, эмоциялық тұрақтылығына және оқу жетістіктеріне тікелей ықпал ететіні көрсетілген [1].

Әлеуметтік педагогтың этикалық міндеттері тек балаға бағытталған қолдаумен шектелмейді. Инклюзивті мектеп – бұл мұғалімдер, психологтар, дефектологтар, логопедтер және ата-аналар арасындағы тұрақты серіктестікті талап ететін орта. mebrk.kz базасында жарияланған зерттеулерде авторлар мамандардың өзара әрекеттестігі инклюзивті білім беру сапасының негізгі көрсеткіші екенін және «ортақ жауапкершілік моделінің» тиімділігін атап өтеді [2, б.172]. Бұл көзқарас бойынша, инклюзия тек бір маманның емес, бүкіл педагогикалық ұжымның ортақ этикалық миссиясы болып саналады.

Инклюзивті білім беру құндылықтар жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Адамгершілік, толеранттылық, көптүрлілікті құрметтеу, әділеттілік, қайырымдылық – әлеуметтік педагог жұмысының моральдық өзегі. Қазақтың ұлы ойшылдары бұл идеяларды ғасырлар бұрын атап өткен. Абай Құнанбайұлы «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан» деп, ұстаздың адамгершілік ролін ерекше көрсетеді. Бұл тұжырым инклюзивті ортадағы педагогтың этикалық жауапкершілігін дәл сипаттайды. Шәкәрім Құдайбердіұлы адамзаттың басты қасиеті – мейірім екенін айтып, «Мейірімсіздік – адамдықтың жоғалуы» деп бекер жазбаған. Бұл сөздер ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жанашырлықпен қараудың маңызын нақты көрсетеді. Мағжан Жұмабаевтың «Тәрбиелеу – тұлғаның жан дүниесін гүлдендіру» деген пікірі әлеуметтік педагогтың қызметіне толық сәйкес келеді: балалардың ішкі әлемін түсіну, қолдау және дамыту – кәсіби міндеттің басты бағыты.

Инклюзивті білім беру жүйесінде түрлі педагогикалық, психологиялық және ұйымдастырушылық қиындықтар кездеседі. Оған ресурстардың жеткіліксіздігі, мамандар тапшылығы, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, ата-аналардың түсінбеушілігі сияқты факторлар жатады. Осындай жағдайда әлеуметтік педагог кәсіби этиканы сақтай отырып, кез келген мәселені әділ шешіп, баланың мүддесін бірінші орынға қоюы тиіс. Біздің көзқарасымыз бойынша, инклюзивті ортада этикалық ұстанымдар формалды талап емес, шынайы гуманистік жауапкершілік болуы керек. Әрбір бала – жеке тұлға, жеке әлем. Сол әлемді түсіну, қабылдау және оған қолдау көрсету – жүректің жылуын талап ететін кәсіби іс.

Инклюзивті мектепте әлеуметтік педагог ата-аналармен кәсіби мәдениет сақтай отырып байланыс орнатады, отбасымен серіктестік орнатады, баланың даму траекториясын бірге жоспарлайды. Бұл жұмыс ашықтықты, сенімділікті және жүйелілікті талап етеді. Педагог ата-аналарға эмоционалды қолдау көрсетіп, инклюзивті оқытудың мәні мен артықшылықтарын түсіндіреді, қажет жағдайда қосымша мамандарға бағыттайды. Осындай бірлескен жұмыс нәтиже берген жағдайда ғана ерекше білім қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтенуі жеңілдейді, оқуда табысты болуына мүмкіндік туады.

Біздің ойымызша, инклюзивті білім беру – қоғамды адамгершілікке тәрбиелейтін жүйе. Бұл тек білім беру реформасы емес, әлеуметтік құндылықтарды қайта бағдарлау процесі. Инклюзивті мектептегі әлеуметтік педагогтың этикалық ұстанымдары – осы құндылықтарды оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға жеткізетін басты арна. Этикалық нормаларды берік ұстанған, жанашыр, әділ, кәсіби білікті әлеуметтік педагог қана мектепте шынайы инклюзивті ортаны қалыптастыра алады.

Инклюзивті білім беру – қазіргі білім беру жүйесінің гуманистік бағыттағы ең маңызды салаларының бірі болып табылады. Бұл модельдің басты мақсаты – әрбір баланың жеке ерекшеліктеріне қарамастан, баршаға тең танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық қолдау көрсету. Инклюзивті мектептегі әлеуметтік педагогтың этикалық ұстанымдары осы жүйені тиімді іске асырудың негізгі өзегі саналады. Себебі, педагог тарапынан көрсетілетін құрмет, мейірім, әділеттілік және кәсіби жауапкершілік оқушылардың оқу процесіне араласуын жеңілдетіп, олардың өз әлеуетін толық ашуына мүмкіндік береді.

Қарастырылған ғылыми еңбектер мен отандық зерттеулер инклюзияның табысты жүзеге асуы әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігіне, ата-аналармен және педагогикалық ұжыммен тұрақты серіктестігіне тікелей байланысты екенін дәлелдейді. М.П. Оспанбаева инклюзивті ортаның тиімділігі ең алдымен мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық дайындығына тәуелді екенін көрсетсе, отандық зерттеушілер мамандардың бірлескен қызметтерінің рөлін айрықша атап өтеді. Бұл пікірлер педагогикалық қауымдастықтың ортақ жауапкершілікке негізделген жұмысының маңызын дәлелдейді.

Қазақ ойшылдарының көзқарастары да инклюзивті білімнің мәнін терең түсіндіреді. Абайдың адамгершілік, ұстаздық және білім туралы идеялары, Шәкәрімнің мейірім жайлы қағидалары, Мағжан Жұмабаевтың тәрбиеге қатысты ойлары инклюзивті педагогиканың түпкі философиясына толық сәйкес келеді. Осы рухани мұралар әлеуметтік педагогтың жұмысы тек кәсіби міндет емес, сонымен бірге адамдық парасат пен ізгілікті талап ететінін айқындайды.

Сонымен, инклюзивті білім беру – бұл қоғамдағы толеранттылықты, әділеттілікті және өзара құрметті нығайтатын әлеуметтік-мәдени

үдеріс. Мұндай ортада әрбір бала өзін қауіпсіз, бағалы және қабылданған тұлға ретінде сезінуге мүмкіндік алады. Әлеуметтік педагогтың этикалық ұстанымдары осы құндылықтардың жүзеге асуына бағытталған жүйелі жұмыстың негізі болып табылады. Шынайы инклюзивті мектеп құру үшін педагогтар тарапынан кәсіби біліктілікпен қоса, адамды түсіну, қолдау және құрметтеу секілді биік моральдық қасиеттер қажет. Осылайша, инклюзивті білім беру мектептегі ғана емес, бүкіл қоғамдағы гуманистік құндылықтардың дамуына үлес қосатын әмбебап жүйе ретінде өз маңызын сақтай береді.

Әдебиеттер

1. Оспанбаева М.П. Инклюзия: психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері. – Астана: АПА. – 3-4 бет.
2. Инклюзивті оқыту жағдайында әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселелері. – 172 бет.
3. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы, 2020. – 250 б.
4. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. – Алматы, 2016. – 360 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Ал.маты, 2013. – 310 б.

ӘОЖ 376

Б.С. Қабыкеш

*«Әлеуметтік педагогика және білім беруде педагогикалық қолдау»
ББ бағдарламасының 1 курс студенті,*

Г.Б. Таженова

*ғылыми жетекші, оқытушы-сарапшы педагогика жоғары мектебі, Әлкей
Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДАҒЫ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ

Андатпа. Мақалада инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік педагогтың кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің маңызы қарастырылады. Әлеуметтік педагогтың білім алушылармен, ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен және арнайы мамандармен өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне назар аударылады. Қарым-қатынас мәдениетінің құрылымы, оның компоненттері және инклюзивті ортада тиімді ұйымдастырылу жолдары сипатталады. Педагогтың кәсіби этикасы, коммуникативтік дағдылары мен тұлғалық қасиеттерінің маңызы ашылады.

Кілт сөздер: әлеуметтік педагог, инклюзивті білім беру, кәсіби қарым-қатынас, қарым-қатынас мәдениеті, әлеуметтік қолдау, педагогикалық ынтымақтастық.

Аннотация. В статье рассматривается культура профессионального общения социального педагога в условиях инклюзивного образования. Раскрываются особенности взаимодействия социального педагога с детьми, родителями, педагогами и специалистами сопровождения. Описываются основные компоненты культуры общения, её значение в формировании благоприятной инклюзивной среды. Отмечается роль педагогической этики, толерантности и коммуникативной компетенции социального педагога.

Ключевые слова: социальный педагог, инклюзивное образование, профессиональное общение, культура общения, социально-педагогическое сопровождение.

Abstract. The article examines the professional communication culture of a social pedagogue in an inclusive educational environment. The features of interaction with children, parents, teaching staff and support specialists are analyzed. The components of communication culture and its role in creating a supportive inclusive environment are described. Special attention is paid to pedagogical ethics, tolerance and communicative competence.

Keywords: social pedagogue, inclusive education, professional communication, communication culture, social support.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің басты бағыты – барлық балаларға тең мүмкіндік беру және оларды әлеуметтік өмірге толыққанды бейімдеу. Осы бағытта инклюзивті білім беру маңызды орын алады. Инклюзивті білім беру әр баланың жеке ерекшеліктерін, психикалық, физикалық және әлеуметтік мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың білім алуына және қоғамға кірігуіне жағдай жасауға бағытталған. Осындай ортада әлеуметтік педагогтың рөлі ерекше. Ол тек көмек көрсетуші емес, білім алушылардың әлеуметтік ортаға табысты енуіне ықпал ететін негізгі тұлға болып табылады.

Инклюзивті орта жағдайында әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметі тек құжат жүргізумен немесе әлеуметтік көмекпен шектелмейді. Ол білім алушының әлеуметтік бейімделуіне, ұжымдағы қарым-қатынастардың дұрыс қалыптасуына, жағымды психологиялық ахуалдың орнауына тікелей әсер етеді. Әлеуметтік педагог әр баламен жеке жұмыс жүргізіп, оның отбасымен байланыс орнатады, педагогикалық ұжыммен және басқа мамандармен тығыз ынтымақтастықта әрекет етеді. Мұндай кең ауқымды қарым-қатынастар жүйесінде педагогтың қарым-қатынас мәдениеті айрықша мәнге ие.

Қарым-қатынас мәдениеті – бұл адамның басқа адамдармен үйлесімді, саналы және жауапты түрде байланыс орнату қабілеті. Әлеуметтік педагог үшін бұл ұғым кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Инклюзивті ортада ол әртүрлі қажеттілігі бар балалармен, олардың ата-аналарымен және әріптестерімен өзара әрекеттеседі. Осы үдерістер барысында оның сөз мәдениеті, мінез-құлқы, эмоцияны басқару қабілеті, тыңдай білуі, түсіне білуі және қолдау көрсете алуы маңызды орын алады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс барысында әлеуметтік педагогтың кәсіби қарым-қатынасы ерекше маңызға ие. Мұндай балалар көбінесе әлеуметтік ортаға бейімделуде қиындықтарға тап болады. Олар өз ойын еркін жеткізе алмайды, кей кезде өз құрдастарымен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға кездеседі, кейбір жағдайларда өзіне деген сенімі төмен болуы мүмкін. Осындай кезде әлеуметтік педагогтың қолдаушы, сенімді, сабырлы қарым-қатынасы

баланың ішкі әлеміне оң әсер етіп, оның психологиялық жай-күйін тұрақтандыруға көмектеседі.

Инклюзивті ортада қарым-қатынас тек ақпарат алмасу ретінде ғана емес, әлеуметтік қолдау формасы ретінде де қарастырылады. Әлеуметтік педагог баламен сөйлесу арқылы оның қажеттіліктерін анықтайды, сезім-күйін түсінеді, қорқыныштарын жеңуге көмектеседі. Сонымен қатар, педагогтың қарым-қатынас мәдениеті ата-аналармен байланыста да маңызды рөл атқарады. Ерекше қажеттілігі бар баланың ата-анасы көбінесе алаңдаушылықта болады, болашағына қатысты түрлі уайымдарды бастан кешіреді. Осы жағдайда әлеуметтік педагогтың дұрыс, байыпты, кәсіби қарым-қатынасы ата-ананың сенімін қалыптастырып, педагог пен ата-ана арасында серіктестік қатынас орнатады.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби қарым-қатынас мәдениеті оның тұлғалық қасиеттерімен де тығыз байланысты. Оған сабырлылық, төзімділік, мейірімділік, жауапкершілік, эмоционалдық тұрақтылық тән болуы қажет. Инклюзивті ортада жұмыс істейтін маман түрлі мінез-құлықтағы, әртүрлі психологиялық ерекшеліктері бар балалармен кездеседі. Сондықтан ол өзін ұстай білуі, эмоциясын бақылауда ұстауы және әр балаға жеке тұлға ретінде қарауы тиіс.

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында инклюзивті тәжірибе кеңінен енгізіліп келеді. Соған сәйкес әлеуметтік педагог мамандығына қойылатын талаптар да артып отыр. Ол тек теориялық біліммен шектелмей, жоғары деңгейдегі қарым-қатынас мәдениетіне ие болуы керек. Бұл мәселе педагогикалық ғылым мен тәжірибеде өзекті болып саналады. Себебі, қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан әлеуметтік педагог инклюзивті ортада білім алушыларға тиімді қолдау көрсетіп, олардың әлеуметтенуіне, өзін-өзі қабылдауына және қоғамға табысты кірігуіне ықпал етеді.

Осыған байланысты әлеуметтік педагогтың инклюзивті ортадағы кәсіби қарым-қатынас мәдениетін зерттеу, оның құрамдас бөліктерін анықтау және оны дамыту жолдарын қарастыру қазіргі әлеуметтік педагогика үшін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселені терең қарастыру әлеуметтік білім беру сапасын арттыруға, инклюзивті ортаның тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік педагогтың инклюзивті ортадағы кәсіби қарым-қатынас мәдениеті оның күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі болып саналады. Бұл мәдениет әлеуметтік педагогтың балалармен, ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен және түрлі сала мамандарымен тиімді, адамгершілікке негізделген байланыс орната алу қабілетін көрсетеді. Инклюзивті ортада әртүрлі диагнозы, даму деңгейі және әлеуметтік жағдайы бар балалар оқитындықтан, педагогтың қарым-қатынасы ерекше сезімталдықты және икемділікті талап етеді.

Кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің басты компоненттерінің бірі – коммуникативтік мәдениет. Бұл әлеуметтік педагогтың өз ойын сауатты

жеткізе білуі, тыңдай алу дағдысы, баланың сөзін бөлмей қабылдай білуі және диалогты тиімді ұйымдастыру қабілеті арқылы көрінеді. Ерекше білім беруді қажет ететін бала көбінесе өз сезімдерін, ішкі күйін толық жеткізе алмауы мүмкін. Осындай жағдайда педагог оның қимыл-қозғалысына, бет-әлпетіне, дауыс ырғағына назар аудара отырып, баланың психологиялық күйін түсініп, оған дұрыс жауап қайтара білуі тиіс.

Инклюзивті ортада әлеуметтік педагогтың қарым-қатынас мәдениетінің маңызды қыры – педагогикалық әдеп сақтау. Педагог әр баланың жеке ерекшелігін құрметтей отырып, оны кемсітпей, мейірімділік пен қолдау көрсету арқылы жұмыс жүргізуі қажет. Мысалы, дамуында тежелуі бар немесе мінез-құлқында қиындықтары бар балаларға айқайлау, қатты сөйлеу, салыстыру сияқты әрекеттер олардың ішкі әлеміне теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан педагогтың сөйлеу мәдениеті жұмсақ, қолдаушы және жағымды болуы маңызды.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби қарым-қатынас мәдениеті вербалды және вербалды емес құралдар арқылы жүзеге асады. Вербалды қарым-қатынасқа сөзбен түсіндіру, сұхбат жүргізу, кеңес беру жатады. Ал вербалды емес қарым-қатынасқа мимика, ым-ишара, дене тұрысы, көзқарас, дауыс ырғағы жатады. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс барысында вербалды емес қарым-қатынас құралдарының ықпалы жоғары болады. Мысалы, жылы жүзбен күлімдеу, көзге тіке қарап сөйлесу, қолдау білдіретін қимылдар баланың өзін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік береді.

Ата-аналармен жұмыс та әлеуметтік педагогтың қатынас мәдениетінің маңызды бөлігі. Ерекше қажеттілігі бар баласы бар ата-аналар көбінесе эмоционалдық қиындықтарды бастан кешіреді, болашаққа қатысты алаңдайды. Осындай сәттерде әлеуметтік педагогтың ата-анамен дұрыс қарым-қатынас орнатуы сенім қалыптастырады. Ол ата-ананы тыңдай білуі, олардың сұрақтарына сабырмен жауап беруі, қолдау көрсетуі арқылы балаға ортақ көмек көрсету жүйесін қалыптастырады [1, б. 22]. Педагог пен ата-ананың ынтымақтастығы баланың әлеуметтенуіне оң әсер етеді.

Сонымен қатар, әлеуметтік педагог педагогикалық ұжыммен де үздіксіз қарым-қатынаста болады. Инклюзивті білім беру үдерісі командалық жұмысқа негізделеді. Әлеуметтік педагог психологиялық қызмет, дефектолог, логопед, сынып жетекшісі және әкімшілік өкілдерімен бірлесе отырып, баланы қолдау бағдарламаларын жүзеге асырады [2, б.11]. Бұл жерде кәсіби қарым-қатынас мәдениеті әріптестермен сыйластыққа, жауапкершілікке және өзара түсіністікке негізделуі тиіс.

Әлеуметтік педагогтың қарым-қатынас мәдениетінде кәсіби толеранттылық та маңызды орын алады. Ол әр баланың ерекшелігін қабылдау, оны қоғамның толыққанды мүшесі ретінде танып, оның

әлеуетін дамытуға бағытталған. Инклюзивті ортада жұмыс істейтін педагог әртүрлі балалардың мінез-құлқына, даму ерекшеліктеріне сабырмен қарап, олардың өзіндік мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасауы тиіс.

Кәсіби қарым-қатынас мәдениетін дамыту мақсатында әлеуметтік педагог үнемі өзін-өзі жетілдірумен айналысуы қажет [3, б.87]. Ол өзінің сөйлеу мәдениетін жетілдіру, кәсіби тренингтерге қатысу, тәжірибе алмасу, коммуникативтік қабілеттерін дамыту арқылы кәсіби деңгейін арттыра алады. Бұл оның инклюзивті ортадағы жұмыс сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, әлеуметтік педагогтың кәсіби қарым-қатынас мәдениеті оның тұлғалық сапалары, кәсіби білімі және практикалық тәжірибесі арқылы қалыптасады. Инклюзивті ортада бұл мәдениет баланың әлеуметтік бейімделуіне, ұжымдық қатынасқа енуіне және өзін тұлға ретінде қабылдауына айтарлықтай әсер етеді [4, б.9].

Инклюзивті ортада әлеуметтік педагогтың кәсіби қарым-қатынас мәдениеті білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын маңызды факторлардың бірі болып саналады. Оның кәсіби қарым-қатынасы тек ақпарат алмасумен шектелмей, балаға психологиялық қолдау көрсетуге, оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етуге бағытталады [5, б.31]. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен қарым-қатынас олардың тұлғалық дамуына, өзіне деген сенімінің қалыптасуына және қоғамда өз орнын табуына тікелей әсер етеді.

Педагогтардың кәсіби дамуының ең тиімді жолы – модульдік біліктілікті арттыру бағдарламаларын қолдану. Бұл бағдарламалар педагогтың нақты қажеттіліктеріне сәйкес құрастырылуы тиіс. ЖОО-да арнайы педагогиканы оқытуда тек теориямен шектелмей, болашақ мұғалімдердің инклюзивті сыныптардағы міндетті тәжірибесін енгізу маңызды. Қазіргі біліктілікті арттыру жүйесіндегі басты талап – оқытудың интерактивтілігі. Яғни, мұғалімдер пассивті тыңдаушы емес, белсенді қатысушы болуы керек. Кейс-стади әдісін қолдану, нақты инклюзивті жағдайларды талдау және шешімдер ұсыну – практикалық дағдыларды дамытудың негізгі тәсілі. Сонымен қатар, онлайн-платформалар арқылы қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Бұл әсіресе шалғай ауылдық жерлердегі педагогтар үшін біліктілікті арттыруға қол жеткізуді жеңілдетеді. Менторлық және коучинг жүйесін енгізу – жас және тәжірибесі аз педагогтарға инклюзивті ортаға бейімделуге көмек-

тесетін тиімді құрал. Тәжірибелі мұғалім-менторлар өз әріптестеріне жеке қолдау көрсетіп, оқытудың тиімді стратегияларын ұсына алады. Бұл шаралардың барлығы педагогтың кәсіби өзін-өзі дамытуға деген ынтасын арттыруға бағытталуы тиіс. Өйткені инклюзия – бұл үздіксіз оқу және ізденіс жолы.

Кәсіби дамудағы тағы бір тиімді әдіс – «Lesson Study» тәсілін инклюзивті сабақтарды жоспарлауға пайдалану. Бұл әдіс мұғалімдерге бірлесіп сабақтарды әзірлеуге, оны жүргізуге және талдауға мүмкіндік береді, бұл инклюзивті әдістемелердің тиімділігін арттырады. Сондай-ақ, педагогтарды зерттеушілік қызметке тарту, олардың өз мектептеріндегі инклюзивті тәжірибені ғылыми тұрғыдан бағалауына ықпал ету маңызды. Мұғалімдер өздерінің тәжірибелерінен туындаған проблемаларды шешудің жаңа жолдарын іздеуі керек. Қазіргі заманғы біліктілікті арттыру курстары пән мұғалімдеріне дефектологияның негіздерін және арнайы психологияны тереңірек оқытуы тиіс. Бұл оларға оқушының мінез-құлқындағы немесе оқудағы қиындықтарының нақты себептерін түсінуге көмектеседі. Педагогтарға арналған психологиялық қолдау қызметтерінің болуы да өзекті. Инклюзивті сыныптағы жоғары эмоционалды жүктеме мұғалімнің кәсіби күйіп кетуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан, мектеп әкімшілігі педагогтарға арналған тұрақты психологиялық тренингтер мен релаксациялық сабақтар ұйымдастыруы қажет.

3. Инклюзивті ортадағы командалық жұмыстың маңызы

Инклюзивті білім берудегі табыс бір ғана педагогтың емес, пәнаралық команданың – мұғалім, ата-ана, психолог, логопед, әлеуметтік педагог, тьютор – бірлескен жұмысының нәтижесі. Педагог команда мүшелерімен тиімді қарым-қатынас орнату және бірлесіп шешім қабылдау дағдыларына ие болуы керек. Бұл командалық жұмыс ЖОЖ-ны әзірлеуде және оның орындалуын бақылауда шешуші рөл атқарады.

(Рис. 1. Инклюзивті білім берудегі командалық жұмыс үлгісі)

Кесте 1. Педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін дамыту кезеңдері

Кезеңдер	Мақсаты	Күтілетін нәтиже
Диагностикалық	Қазіргі құзыреттілік деңгейін анықтау	Педагогтардың жеке қажеттіліктерін белгілеу
Теориялық	Инклюзияның теориялық негіздерін меңгеру	Арнайы педагогикалық білімді тереңдету
Практикалық	Әдістемелік және психологиялық дағдыларды қалыптастыру	ЕБҚБ бар оқушылармен тиімді жұмыс істеу
Бағалау	Құзыреттіліктің өзгерістерін бақылау	Біліктілік деңгейінің артқанын растау

Командалық жұмыстың маңызды элементі – ата-аналардың белсенді қатысуы. Ата-аналар өз баласының қажеттіліктері мен ерекшеліктері туралы ең құнды ақпарат көзі болып табылады. Педагог ата-аналарды

ЖОЖ-ны құрастыруға белсенді тартуы тиіс. Сондай-ақ, командалық жұмыстағы маңызды рөлді тьютор атқарады. Тьютор мұғалім мен оқушы арасындағы байланыстырушы буын болып, мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді және оқушыға жеке қолдау көрсетеді. Психологтың міндеті – оқушының эмоционалды-әлеуметтік дамуын бақылау және қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу. Логопед пен дефектологтың сабақтарға қатысуы немесе жеке сабақтар өткізуі мұғалімнің пәндік сабақтарының тиімділігін арттырады. Команда мүшелері арасындағы ақпарат алмасудың жүйелілігі және ашықтығы маңызды. Регулярлы түрде өткізілетін командалық кездесулер ЖОЖ-ны уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Осылайша, педагог тек оқытушы емес, ол үйлестіруші және коммуникатор ретінде әрекет етеді. Командалық жұмыс педагогтың жалғыздық сезімін жойып, кәсіби қолдау алуға мүмкіндік береді.

Командалық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін пәнаралық ынтымақтастық келісімдері қажет. Бұл келісімдер әр маманның міндетін, жауапкершілігін және өзара әрекеттесу алгоритмін нақтылауы тиіс. Педагогтарды командалық жұмыс дағдыларына арналған арнайы тренингтерден өткізу қажет. Бұл тренингтерде тиімді қарым-қатынас, конфликтілерді шешу және ортақ шешімдерді қабылдау әдістері оқытылады. Командалық жұмыс ресурстық орталықтардың қызметін пайдалану арқылы күшейтіледі. Мұндай орталықтар арнайы жабдықтармен, әдістемелік материалдармен және қосымша мамандармен қамтамасыз етеді. Педагогтар мұндай ресурстарды қолдану арқылы ЖОЖ-ны тиімдірек іске асыра алады. Команданың жұмысының нәтижесі – біртұтас, үйлесімді қолдау жүйесін құру. Бұл жүйе оқушының оқу процесіндегі қиындықтарын азайтып, оның әлеуметтік және академиялық жетістіктеріне ықпал етеді. Ата-аналардың қолдау топтарын ұйымдастыру да маңызды, бұл педагогқа ата-аналардың психологиялық қажеттіліктерін түсінуге көмектеседі.

Қорытынды

Инклюзивті білім беру – бұл қоғамның білім беруге деген көзқарасының даму деңгейін көрсететін көрсеткіш. Бұл жүйенің сәтті іске асуы тікелей педагог кадрлардың кәсіби дайындығына байланысты. Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуы, инклюзия мәселелері бойынша терең білімдер мен практикалық дағдыларды меңгеруі – әрбір оқушының табысты оқуы мен әлеуметтенуінің негізі. Бұл бағыттағы жұмысты күшейту – мемлекеттік деңгейдегі басым міндет болып қала береді. Қорытындылай келе, инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы педагогтың рөлі орасан зор. Оның кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған шаралар кешенді және жүйелі болуы керек. Болашақта педагогтардың дайындығы тек біліктілікті арттыру курстарымен ғана шектелмей, олардың кәсіби карьерасының барлық кезеңінде сүйемелденуі тиіс. Бұл іске ЖОО-лар, біліктілікті арттыру институттары және

мектеп әкімшілігі белсенді қатысуы қажет. Қазақстанның білім беру жүйесі инклюзия қағидаларын толығымен іске асыруға қадам басқан кезде, әрбір педагог инновациялық және икемді болуы керек. Ол дәстүрлі тәсілдерден бас тартып, жаңа әдістемелерді енгізуге дайын болуы қажет. Инклюзияның басты мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамнан бөлектемей, ортақ білім беру кеңістігіне толық енгізу. Бұл мақсатқа жету үшін педагогтардың этикалық және құндылықтық дайындығы да ерекше маңызды. Олар баланың мүмкіндігіне емес, оның қажеттілігіне назар аударуы тиіс. Инклюзивті білім беру жүйесінің табыстылығы – мемлекеттің, қоғамның және ең алдымен, әрбір жеке педагогтың бірлескен жауапкершілігі.

Сонымен, инклюзивті білім беру жүйесін дамыту үшін педагогтардың құзыреттілігін сертификаттау жүйесін жетілдіру қажет. Бұл сертификаттау олардың арнайы дайындығын және инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындығын растауы тиіс. Педагогтардың инклюзивті білім беру саласындағы жетістіктері мен инновациялары материалдық және моральдық тұрғыдан ынталандырылуы қажет. Бұл олардың кәсіби мотивациясын арттырады. Болашақта білім беру ұйымдарында инклюзияға арналған тұрақты семинарлар мен дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру дәстүрге айналуы тиіс. Бұл мұғалімдердің үздіксіз кәсіби байланысын және тәжірибе алмасуын қамтамасыз етеді. Инклюзивті тәсілді қабылдау – бұл әлеуметтік эволюцияның бір бөлігі. Әрбір педагог бұл өзгерістердің белсенді қатысушысы және қозғаушы күші болуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007.
2. Намазбаева Ж.И. Инклюзивті білім берудің теориялық және практикалық негіздері. Алматы: «Ғылым» баспасы, 2018.
3. Есентаева А.М. Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтың кәсіби құзыреттілігі. // Арнайы педагогика. 2020. № 3.
4. Сейдахметова Т.К. Инклюзивті білім берудегі психологиялық-педагогикалық қолдау. Алматы: ЖШС «Кітап», 2022.
5. Әлжанова Ғ.Т., Сүлейменова Р.А. Арнайы білім берудің қазіргі жағдайы. Астана: «Фолиант» баспасы, 2019.
6. Башарова Г.А. Педагогтың кәсіби дамуы: инклюзивті тәсіл. Қарағанды: «Инновация» баспасы, 2021.

А.Т. Темиртасова

педагогика ғылымдарының кандидаты, Әлкей Марғұланатындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар

ТӘРБИЕШІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫ

Аннотация. Бұл мақалада тәрбиешінің инклюзивті білім берудегі рөлі мен кәсіби дайындығы жан-жақты қарастырылады. Инклюзивті білім берудің мәні, мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті ортаның ерекшеліктері, тәрбиешінің кәсіби құзыреттіліктері, жеке білім беру траекторияларын ұйымдастырудағы педагогтің міндеттері талданады. Сонымен қатар, инклюзивті тәжірибеде кездесетін қиындықтар мен оларды шешудің тиімді жолдары көрсетіледі. Тәрбиешінің кәсіби дамуы мен мамандар арасындағы серіктестіктің маңыздылығы негізделіп, инклюзивті білім беру сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар берілген. Мақала мектепке дейінгі ұйым педагогтарына, білім саласының мамандарына және инклюзивті білім беру мәселелерімен айналысатын зерттеушілерге арналған.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, тәрбиеші, кәсіби құзыреттілік, мектепке дейінгі ұйым, ерекше білім беру қажеттілігі (ЕББҚ), жеке білім беру траекториясы, педагогикалық қолдау, инклюзивті орта, саралап оқыту, тьютор, дефектолог, балабақша.

Қазіргі әлемде білім беру жүйесі барлық балаларға тең мүмкіндік қамтамасыз етуге бағытталуда. Инклюзивті білім беру тұжырымдамасы – ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) балаларды жалпы білім беру ортасына енгізе отырып, олардың әлеуетін барынша ашуға жағдай жасау. Бұл бағыт әсіресе мектепке дейінгі ұйымдарда аса маңызды, себебі баланың дамуының негізгі іргетасы дәл осы кезеңде қаланады. Балабақшадағы инклюзивті орта баланың әлеуметтік бейімделуіне, қарым-қатынас жасауына, танымдық және эмоциялық дамуына зор ықпал етеді. Осы процестің негізгі фигурасы – тәрбиеші.

Тәрбиеші инклюзивті тәжірибені жүзеге асыруда орталық рөл атқарады. Ол топтағы барлық балалардың қауіпсіздігі мен дамуын қамтамасыз етумен қатар, ерекше білімге мұқтаж тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін түсініп, оларды қолдай білуі тиіс. Сондықтан тәрбиешінің кәсіби дайындығы, педагогикалық мәдениеті және құзыреттілігі инклюзивті білім беру сапасының негізгі көрсеткіші болып саналады. Инклюзивті білім беру ұғымы және тәрбиеші міндеттерінің кеңеюі.

Инклюзивті білім беру – барлық балалардың ерекшеліктеріне қарамастан (физикалық, зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалдық, тілдік) ортақ білім беру процесіне бірдей қатысуына жағдай жасау. Бұл модельде басты құндылық – баланың тұлғасы, оның дамуына кедергі келтіретін шектеулер емес, қажет қолдауды ұйымдастыру. Осы тұрғыдан алғанда тәрбиешінің қызмет аясы кеңейеді. Олар:

– балалардың даму ерекшеліктерін зерттейді;

- ЕББҚ бар балаларға жеке қолдау ұйымдастырады;
- мамандармен (психолог, логопед, дефектолог, тьютор) бірлесе жұмыс істейді;

- ата-анамен тұрақты байланыс орнатады;
- топта толерантты, қауіпсіз, достық орта қалыптастырады;
- инклюзивті оқыту технологиялары;

Тәрбиешінің рөлі тек ұйымдастырылған іс-әрекет жүргізумен шектелмей, инклюзивті көзқарасты қалыптастыруға бағытталған педагогикалық-психологиялық көшбасшылық қызметті қамтиды.

Инклюзивті ортада жұмыс істейтін тәрбиешінің кәсіби дайындығы бірнеше негізгі құзыреттіліктерден тұрады.

1. Педагогикалық құзыреттілік

Тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейін түсініп, оқу-тәрбие процесін соған бейімдей алуы тиіс. Инклюзивті ортада бұл дағдылар ерекше мәнге ие, өйткені әр баланың даму қарқыны жеке болады.

2. Арнайы педагогикалық білім

ЕББҚ бар балалардың даму ерекшеліктерін білу – кәсіби дайындықтың міндетті бөлігі:

- сөйлеу бұзылыстары,
- есту немесе көру қабілетінің шектелуі,
- мінез-құлық пен эмоциялық ерік саласындағы ауытқулар,
- зияттық даму ерекшеліктері,
- аутизм спектрі бұзылыстары

Тәрбиеші осы ерекшеліктерді түсініп, қолдау стратегиясын дұрыс анықтай білуі қажет.

3. Коммуникативтік құзыреттілік

Инклюзивті ортада тәрбиешінің ата-анамен, әріптестермен, мамандармен, ең бастысы – балалармен тиімді қарым-қатынас орната білуі өте маңызды. Эмпатия, шыдамдылық, түсіністік сияқты қасиеттер кәсіби өзектілігін арттырады.

4. Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік

Балалардың эмоциялық жағдайын бақылау, мінез-құлық ауытқуларын басқару, қақтығыстарды шешу – күнделікті жұмыс міндеті.

5. Әдістемелік құзыреттілік

Тәрбиеші инклюзивті әдістер мен технологияларды қолдана білуі керек:

- саралап оқыту;
- жекелендірілген тапсырмалар;
- визуалды қолдау;
- ойын терапия элементтері;
- қолжетімді оқыту құралдары.

Даму және кез келген кәсіби байыту кезеңдерінің ішіндегі ең бастысы – өзін-өзі жетілдіру. Бұл педагогикалық қызметке тікелей

қатысты, өйткені жеке тұлға кәсіби біліктілікпен қатар қалыптасады. Осылайша, алынған материалдың сапасы ғана емес, сонымен қатар балалар инклюзивті ортада өздерін жайлы сезінетіндігі тәрбиешіге, оның кәсіби дайындығына, педагогикалық қабілеттеріне тікелей байланысты. Инклюзивті орта ұғымына келетін болсақ, бұл оқушылар үшін қолайлы атмосфера, яғни бала бұл ортада толық оқып, дами алуы керек, ең бастысы өзінен ұялмауы тиіс. Яғни бұл барлық балалар білім беру қажеттіліктеріне қарамастан тиімді оқуға, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, әлеуметтік құзыреттілігін арттыруға және өздерін қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуге қабілетті орта екенін айта кеткен жөн. Өз кезегінде, ерекше орта дегеніміз – бұл денсаулық қасиеттері шектеулі балалар үшін арнайы әзірленетін орта. Бұл инклюзивті оқытудың негізгі қағидасы болып табылады. Инклюзивті оқыту медициналық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар мен кепілдіктер қамтамасыз етілетін икемді, динамикалық, жеке-тұлғалық оқытуға сәйкес келеді. Мұндай тәрбиешілерге жаңа, заманауи құндылықтар жүйесін қабылдайтын және игеретін, оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін шығармашылықпен қолданатын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру мәселесін тез шеше алатындар жатады (Dzhararova, 2021). Тәрбиешінің инклюзивті құзыреттілігі мен дағдылары педагогикалық шеберлікте көрініс табуы керек, әртүрлі санаттағы балалардың ұжымдық іс-әрекетін қалыптастыруы қажет, әртүрлі даму бұзылыстары бар балалардың оқу материалының деңгейін, топтағы балаларға тәрбиелік әсер етудің белгілі бір әдістерін таңдау қабілетін әділ бағалауы және талдауы тиіс. Егер инклюзивті оқытуды практикалық қолдану туралы айтатын болсақ, онда материалдық базаға, яғни теориялық негізге ғана емес, сонымен қатар қоғам мүшелері мен қоғамның әртүрлі пікірлері мен көзқарастарына қатысты бірқатар мәселелерді қарастыруымыз қажет. Педагогтардың инклюзивті оқыту жағдайында өздерінің кәсіби қызметін орындауға дайындығының болмауы басым бағыттардың бірі болып саналады. Денсаулық қасиеттері шектеулі баланың кез келген оқу орнын еркін және кедергісіз таңдау мүмкіндігі бар екеніне назар аударатын отырып, тәрбиешінің инклюзивті құзыреттілігінің даму деңгейі оның кәсіби дайындығына қарамастан мінсіз болуы керек.

Инклюзивті білім беру – қоғамның даму деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Балабақшадағы инклюзияның сәтті іске асуы, ең алдымен, тәрбиешінің кәсіби шеберлігіне, құзыреттілігіне және адами қасиеттеріне байланысты. Тәрбиеші тек білім беруші маман емес, инклюзивті мәдениетті қалыптастыратын, барлық балаларды тең қабылдауға бағыттайтын тұлға. Сондықтан тәрбиешінің кәсіби дайындығын жетілдіру, қажетті жағдай жасау, әдістемелік қолдау көрсету – инклюзивті білім берудің басты стратегиялық міндеті. Инклюзивті балабақша – әр бала өз орнын табатын, дамуға мүмкіндік алатын,

қоғамның шынайы бейнесінің шағын моделі. Бұл модельді жүзеге асыратын – тәрбиешінің еңбегі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2020. – 12–18 б.
2. Выготский Л.С. Проблемы детской психологии. – М.: Просвещение, 1991. – 56–63 б.
3. Султанова Б.Ш. Инклюзивті білім беру: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. 27–35 б.
4. Болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру мақаласы. 247 б.

ӘОЖ 37.013.42

Б.А. Матаев

PhD докторы, қауымдастырылған профессор Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Г. Каржасова

«Педагогика және психология» ББ студенті, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ, ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕКТІҢ РӨЛІ

Антонация: Бұл мақалада ерекше білім берудің маңыздылығы және оның балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне әсері қарастырылады. Сонымен қатар, әдістемелік көмектің рөлі мен тиімділігі талданады. Зерттеуде ерекше білім беруді ұйымдастыру жолдары, инклюзивті білім берудің артықшылықтары, балалардың әлеуметтік және психологиялық дамуын қолдау әдістері сипатталады.

Кілтті сөздер: әлеуметтік-психологиялық бейімделу, әдістемелік құралдары.

Кіріспе

Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуға тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету – маңызды міндеттердің бірі. Олардың даму ерекшеліктеріне байланысты оқыту жүйесінің іс-жүзінде мінез-құлықты ұйымдастыруға қабілеттілікті арттыру қажет. Сондай-ақ ерекше қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, олардың дамуын қолайлы жағдайлар жасау күттірмейтін мәселе болып табылады. Ерекше білімді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету баланың жеке дамуын, оқуға, қарым-қатынасқа бейімделуін қамтамасыз етеді. Осылайша, ерекше білім алушылар, ата-аналар, балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіне қатысатын мамандар психологиялық-педагогикалық қолдау түрлерін жақсы түсінуі маңызды. Қазақтандық ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған заманауи оқыту әдістерін енгізу олардың қабілеттерін толыққанды ашуға

мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан қазіргі таңда ерекше балаларға арналған арнайы білім беру орындары, дамыту орталықтары, мектепке дейінгі мекемелерде қатаң түрде назарға алынып жұмыстар жасалуда. Әр ұйым мекемелері өзінің жұмыстарын қарқын белсенділікпен атқаруда біздің елімізде бірқатар себептерге байланысты білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар санының өсуі байқалады. Бүгінгі таңда ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мәселесі өзекті тақырып болып отыр, олардың даму ерекшеліктеріне байланысты оқу, коммуникативті іс-әрекеттерін жөнінде мінез-құлқын ұйымдастыруда қиындықтар шешімін күтуде. Әрбір бала оның жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауы керек екенін түсіну керек [1].

Психологиялық-педагогикалық қолдау – бұл оқу процесінде әр баланың сәтті дамуы мен оқуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын тұтас жүйе.

Біздің зерттеуіміз өзара әрекеттесуді зерттейді қамтамасыз ететін мамандардың осы санатына қатысты мүмкіндігі шектеулі балаларды бейімдеуге педагогикалық қолдау көрсету ерекшеліктерін анықтайды.

Бұл терминді қолдау жағдайында, оның мәні бізде қазірдің өзінде бар бұрын анықталған [2]. Сонымен, А.Д. Вилшанская өзара әрекеттесуде мамандарды қолдау бойынша бірлескен іс-шараларды қамтиды.

Материалдар мен әдістер

Оқу процесінің субъектісі (бала, топ, сынып), бағытталған балаларды дамыту, оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелерін шешуге, бала және жасөспірімдер мәселелерін шешуге кешенді көзқарасты қамтамасыз етеді [3]. М.М. Семаго, Н.Я. Семаго – «...кәсіпаралық біртұтас стратегияны әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған ынтымақтастық мүмкіндігі шектеулі баланы дамыту, оның отбасына көмек көрсетуді ұйымдастыру» [4]. Осылайша педагогикалық сүйемелдеу мамандарының өзара іс-қимылы мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделуін біз жүйелік әсер ретінде анықтаймыз, әр түрлі профильдегі мамандардың бірлескен күш-жігерімен жасалған (педагогтар, дефектологтар, психологтар, логопедтер), процесте қабілетті пәнаралық тәсіл стратегияны, тактиканы, мазмұнды және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу динамикасы, кешенді және мүмкіндігі шектеулі баланың және оның отбасының мәселелерін тиімді шешу болып табылады.

Жалпы білім беретін мектеп оқушылардың осы топтарын өз назарында ұстап, уақытылы анықтап, оларға көмек көрсетуі керек.

Жоғарыда айтылғандар баланы білім беру процесіне қосу үшін жеке тәсіл қажет, ал оқыту әр баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұйымдастырылуы керек деп болжауға мүмкіндік береді.

Ю.А. Афонькина, И.И. Усанова, О.В. Филатова психологиялық-педагогикалық қолдаудың 5 кезеңін ажыратады: диагностикалық, кеңес берушілік, ізденушілік, әрекеттік кезең, рефлексия кезеңі.

Сол себепті мәселенің ауқымы мен көлемі де ұлғайып отыр. Бұл мәселені талдау ерекше білімді қажет ететін баланы білім беру процесіне толық енгізу жеке тәсіл ретінде маңызды рөл атқарады, сондықтан әр баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды сауатты әрі кешенді ұйымдастыру қажет. Ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құру жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі. Өйткені, кез-келген баланың толыққанды даму қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, ол осы мақсатқа жетудің тиімді жолдарын іздеуді талап етеді. Баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес даму құқығын қорғау ата-аналар, медицина қызметкерлері, мұғалімдер мен психологтар тығыз қарым-қатынас жасайтын қызмет саласына айналады [5].

Бұл жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдау субъектілері баланың сәтті қызметіне қызығушылық танытқан барлық адамдар әрекет етеді, бірақ жетекші рөл – қосымша білім беру мекемесі шеңберіндегі процесті ұйымдастырушы, әрине, баланың даму үшін таңдаған бағдарламасын тікелей жүзеге асыратын мұғалімнің мойнына түседі. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау технологиясы қосымша білім беру мұғалімнің алгоритмі болып табылады, оны жүзеге асыру мүмкіндігі шектеулі балаға таңдалған салада өз қабілеттерін дамытуға және көрсетуге жағдай жасайды, сонымен қатар оның балалардың білім беру бірлестігінде әлеуметтік бейімделуі мен қалпына келуіне ықпал етеді.

Жоғарыда көрсетілген ережелер қолдаудың мақсатын анықтауға мүмкіндік береді: балалардың білім беру бірлестігінде ерекше білімді қажет ететін баланың сәтті бейімделуіне, қалпына келуіне және жеке өсуіне ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайлардың кешенді жүйесін құру.

Осы мақсат негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру аясында қосымша білім беру мұғалімі қызметінің келесі міндеттерін анықтауға болады:

- Баланың даму бұзылыстарын анықтау және алдын алу
(Әлеуметтік-педагогикалық: Әлеуметтік бейімделу, жеке: өз-өзіне күмәндану, жоғары мазасыздық, өзін өзі бағалаудың жеткіліксіздігі және т. б.):
- Балаға дамудың және әлеуметтенудің өзекті міндеттерін шешуге көмектесу (жәрдемдесу):
- Білім беру және кәсіби бағдарды тандау проблемалары,
- Эмоциялық-еріктік саланың бұзылуы,
- Балалармен қарым-қатынас проблемалары:
- Ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін (педагогикалық мәдениетін) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің толыққанды субъектілеріне айналдыру мақсатында дамыту.

Даму үшін қолайлы әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау: тұлға, баланың қосымша білім беру бағдарламасын игеруінің табыстылығы; мүмкіндігі шектеулі балаға және оның ата-анасына тікелей психологиялық-педагогикалық көмек [6].

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің белгіленген жалпы мақсаттары мен міндеттерімен қатар, белгілі бір оқушыға арналған бағдарламаны әзірлеу кезінде баланың психофизиологиялық ерекшеліктеріне, оны мүмкіндіктеріне қалауына, отбасының тәрбиелік әлеуетіне негізделген жеке мақсаттар мен міндеттерді анықтау қажет.

Қосымша білім беруде баланы қолдау саласындағы ең маңыздылары ретінде мыналарды атап өткен жөн:

– Оңалту және дамыту, баламен оның таңдалған қызмет саласында маңызды қасиеттерді дамыту арқылы оны балалар ортасында оңалтуға бағытталған жұмысты ұйымдастыруды қамтиды, аталған қызмет түрі арқылы компенсация үрдісі іске асады;

– Бағдарламалық-болжамдық, тәртібін қамтамасыз етуге арналған білім алушы өзі таңдаған қосымша білім беру бағдарламасын игеруде қол жеткізе алатын нәтижелерді жобалау және болжау негізінде сүйемелдеу бағдарламасын құру арқылы баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту шеңберінде білім беру процесі субъектілерінің іс-әрекеттері.

Түзету-пропедевтикалық, балаға байланысты мәселелердің туындауын уақытылы болжау және ықтимал қиындықтардың алдын алуға бағытталған шаралар жүйесін әзірлеу арқылы дамудың кемшіліктерін жеңуде уақытылы көмекті қамтамасыз етеді;

Диагностикалық-аналитикалық, қосымша білім беру бағдарламасын игеру аясында баланың жетістіктерін зерттеу, бағалау және талдау бойынша жүйелі іс-әрекеттің орындылығы мен ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік – психологиялық бейімделуі қарым – қатынас дағдыларын дамытуды, қоршаған ортамен өзара әрекеттесуді, кедергілерді жеңуді және қоғамға интеграцияны қамтитын күрделі процесс болып табылады. Бұл мәселеде әдістемелік көмектің рөлі өте маңыздылығы айқын көрінеді. Себебі, ол баланың сәтті бейімделуіне ықпал ететін құрылымдық қолдау жасауды талап етеді.

Мүмкіндігі шектеулі қажеттіліктері бар әрбір бала ерекше. Әдістемелік көмек баланың сәтті бейімделуін, даму деңгейін анықтауға, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін диагностикалауды қамтиды және бұл жеке қолдау бағдарламасын құруға мүмкіндік береді. Бағдарламалар әлеуметтік дағдыларды дамыту, психологиялық тұрақтылықты нығайту және оқу мен ұжымға оң көзқарасты қалыптастыру үшін әзірленеді. Мамандар мен ата-аналарға және балалардың бейімделуіне қолайлы білім беру ортаны құруға көмектеседі. Мұғалімдер мен ата-аналар ерекше қажеттіліктері бар балалармен қарым-қатынас жасау дағдылары мен толыққанды білімді игеру қабілетіне ие болуы керек. Әдістемелік көмек олардың құзыреттілігін арттыру үшін көмекші құрал болып

табылады. Тренингтер, семинарлар, конференциялар мен шеберлік жұмыстар, тәжірибе алмасу жұмыстарының ұйымдастырылуы өте маңыздылығын көрсетеді. Психологиялық қолдауда балаларға әлеуметтік бейімделуге байланысты стрессті жеңуге және өз қабілеттеріне деген сенімділікті дамытуға көмектеседі. Ерекше бала тәрбиелеуде ата-ананы мазалайтын мәселелер өте көп болады, баласының болашағы, оның ортаға бейімделуі, оқудағы қабілеті, нәтижелі болуы, алдағы уақытта жас ұлғаюына байланысты баламен дұрыс жұмыс жасау жолдары т. б. өзекті мәселелердің алаңдатуы қалыпты жағдай болып саналады. Бұл жерде де мамандар мен психологтың қолдауының маңыздылығын айқын көруге болады. Әрбір атқарылатын жұмыстар мекеме ұйымдары мен мамандардың және ата-аналардың өзара байланысымен атқарылатынын байқаймыз.

Нәтиже

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен жұмыс істеу – бұл оң нәтижеге жету үшін барынша күш салуды қажет ететін ұзақ та ауыр процесс. Ерекше балалармен жұмыста ең алдымен балалардың когнитивті немесе эмоциялық аясын дамытуға бағытталады, сабақтарда балалардың оқуының тиімділігін жоғарылату мақсатында психикалық үдерістердің әлсіз тұстары қарастырылады. Жұмыс қазіргі әдістерге негізделіп жүргізіледі. Мүмкіндігі шектеулі әрбір баланың өз қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, негізгі кемшілігі мен қосымша ауытқушылықтарын түзету арқылы қайта қалпына келтіру, бұл балалардың өз бойындағы барлық мүмкіндіктері мен қабілеттерін барынша жүзеге асыратындай етіп шыңдау, тәрбиелеу алға қойған басты мақсаттардың бірі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының «Баланың мінез – құлқы, эмоциялық жағдайы, әлеуметтік бейімделуі және оқу процесіне қатысуы туралы пікірлерін анықтау бойынша сауалнаманың нәтижесі. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны – 30; Балалардың жас диапазоны: 6 – дан 12 жасқа дейін.

Баланың жаңа жағдайға бейімделуі: өте жақсы – 20%, жақсы – 50%, қанағаттанарлық – 20%, қиын – 10%.

Құрдастарымен қарым қатынасы: өте жақсы – 25%, жақсы 45%, қанағаттанарлық – 20%, қиын – 10%.

Оқу процесіне қатысуы: Белсенді – 30%, Орташа – 50%, Төмен – 20%.

Қосымша қолдау қажеттілігі:

- Психологтың көмегі: 40%;
- Логопедтің көмегі: 30%;
- Дефектологтың көмегі: 20%;
- Қосымша қажеттілік жоқ: 10%.

Көптеген ата-аналар балаларының жаңа жағдайға және құрдастарымен қарым-қатынасқа жақсы бейімделетінін атап өтті. Дегенмен бұл оқу

процесіне қатысу деңгейі әртүрлі және ата – аналардың басым көпшілігі мамандардың көмегіне мұқтаж екенін білдірді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтардың тәжірибесі, қажеттіліктері және кездесетін қиындықтарын анықтау бойынша сауалнама нәтижесі. Сауалнамаға қатысқан педагогтар саны: 20. Педагогикалық жұмыс өтілі: 1–5 жыл: 20%, 6–10 жыл: 40%, 11 жылдан астам: 40%. Инклюзивті сыныптарда сабақ беру тәжірибесі: Иә: 70% Жоқ: 30%, Жеке оқу жоспарларын әзірлеу тәжірибесі: Иә: 60%, Жоқ: 40%. Қосымша оқыту немесе біліктілік арттыру курстарынан өту: Иә: 50%, Жоқ: 50%.

Қажетті қолдау түрлері:

- Әдістемелік материалдар: 40%
- Материалдық техникалық ресурстар: 30%
- Әріптестермен тәжірибе алмасу: 20%
- Қосымша қолдау қажет емес: 10%

Басты қиындықтары:

- Оқу материалдарын бейімдеу: 35%
- Сыныптағы тәртіп сақтау: 25%
- Ата аналармен өзара әрекеттесу: 20%
- Уақыттың жетіспеушілігі: 20%

Педагогтардың көпшілігі инклюзивті сыныптарда сабақ бері тәжірибесіне ие және жеке оқу жоспарларын әзірлеуде тәжірибелері бар. Дегенмен олардың жартысы қосымша біліктілікті арттыру курстарынан өтпеген. Негізгі қажеттіліктері ретінде әдістемелік материалдар мен материалдық техникалық ресурстар атап өтілді. Сонымен қатар, оқу материалдарын бейімдеу және сыныптағы тәртіпті сақтау басты қиындықтар ретінде белгіленді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтарға (1 кестені қара) мен ата-аналарға қолдау көрсетту шараларын 2 кестеден көріңіз. Бұл кесте әрбір тарапқа арналған қолдау түрлерін, олардың мазмұнын және жүзеге асыру әдістерін сипаттайды.

Ерекше бала тәрбиелеуші ананың бөліскен тәжірибесінің нәтижесі.

Респондент 5 жастағы бала, диагнозы: Балалар аутизмі (Детский аутизм).

Ерте диагностикалаумен оңалту және дамыту орталығының арнайы мамандарымен бірлесе жасалған жұмыстар нәтижесі баланың оқу үлгерімінің жақсарып жатқан деңгейін сурет 1 берілген.

Кесте 1. Педагогтарға арналған қолдау көрсету


Қолдау түрлері	Мазмұны	Жүзеге асыру әдістері
Әдістемелік қолдау	Оқыту әдістері мен бағдарламаларын бейімдеу бойынша нұсқаулықтар мен материалдар ұсыну.	– Инклюзивті білім беру бойынша әдістемелік құралдар әзірлеу және тарату; – Пән мұғалімдері мен мамандарға арналған ұсыныстар жасау; – жеке оқу жұмыстарын құру бойынша кеңестер беру;
Кәсіби даму	Инклюзивті білім беру саласында біліктілік курстарын ұйымдастыру.	– Семинарлар, тренингтер өткізу; – Онлайн курстар мен вебинарлар ұйымдастыру; – Тәжірибелік алмасу мақсатында әріптестер мен кездесулер ұйымдастыру;
Психологиялық қолдау	Педагогтардың эмоционалды күйін тұрақтандыру және кәсіби күйіп кетудің алдын алу.	– Психологпен жеке және топтық консультациялар өткізу; – Релаксация және стресс әдістері бойынша тренингтер ұйымдастыру;
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету	Инклюзивті білім беруге қажетті оқу құралдары мен жабдықтармен қамтамасыз ету.	– Арнайы оқулықтар, көрнекі құралдармен техникалық жабдықтармен жабдықтау; – Оқу ортасын бейімдеуге қажетті ресурстар ұсыну.

Кесте 2. Ата-аналарға арналған қолдау көрсету

Қолдау түрі	Мазмұны	Жүзеге асыру әдістері
1	2	3
Ақпараттық қолдау	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша ақпарат беру.	– Буклеттер ақпараттық материалдар тарату; – Ата-аналарға арналған ақпараттық кездесулер мен лекциялар ұйымдастыру;
Психологиялық қолдау	Ата аналардың эмоционалды күйін қолдау және стрессті басқару дағдыларын дамыту.	– Психологпен жеке және топтық консультациялар өткізу; – Психологиялық ағарту және тренингтер ұйымдастыру;
Педагогикалық қолдау	Баланың дамуы мен оқуы бойынша жеке кеңестер беру.	– Педагогтар мен мамандардың қатысуымен жеке және топтық кездесулер ұйымдастыру; – Баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, үй тапсырмаларын орындау және оқу процесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар беру;

2-кестенің жалғасы

1	2	3
Ата-аналар клубтары	Ата-аналардың бір-бірімен тәжірибе алмасуы және қолдау көрсетуі үшін орта құру.	– Топтық кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру; – Ортақ мәселелерді талқылау және шешу жолдарын іздеу мақсатында ата-аналар қауымдастығын құру;



Сурет 1 – Баланың оқу үлгерімнің динамикасы

Барлық даму мен қолдау орталықтарының жұмыстары әр деңгейде өсіп, дамып өзінің нәтижесімен пайдасын тигізуде. Әрбір мекеме мен білім беру ұйымдары тыңғылықты жұмыстар атқарып, дамуда. Бәрінде бір мақсат, бір мүдде, педагогикалық-психологиялық қолдауды жақсарту, нәтижеге қолжеткізу.

Зерттеу нәтижелері ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуінде әдістемелік көмектің маңыздылығын дәлелдеді. Мұғалімдер мен ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, біліктіліктерін арттыруды және әдістемеліктің көмектің, оқыту бағдарламалары мен қолдау шаралары балалардың қоғамға сәтті интеграциялануына ықпал ететін көрсетеді. Болашақта инклюзивті білім беруді одан әрі жетілдіру үшін кешенді әдістер мен инновациялық технологияларды кеңінен қолдану қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Ежовкина, Е.В., Рябова, Н.В. К проблеме педагогического сопровождения адаптации детей с ограниченными возможностями здоровья [Текст] // Российский научный журнал. – 2012. – №5(30). – С. 84-89.

2. Семаго, М.М., Семаго, Н.Я. Междисциплинарное взаимодействие специалистов инклюзивного образования [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.fnashideti.ru/inklusia/182-mezhdisciplin.html>

3. Ахмедалиева, Д.У. Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмысты ұйымдас-
тыру [Мәтін] // Әлеуметтік педагог. – 2010. – №1. – Б. 15-17
4. Бадел А. Мектеп жасына дейінгі балаларға психологиялық көмек көрсету. –
Астана, 2014. 134 б.
5. Азанбекова, Г.Т., Асыллова, Р.О. Аутизмді бар балаларды оқытуда кешенді
әдістерді қолдану // Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» серия-
сы. – 2016. – №4(84). – Б. 56-62
6. Мамайчук, И.И. Помощь психолога детям с аутизмом / И.И. Мамайчук. –
СПб.: Речь, 2015. – 288 б.

ЭОЖ 376.42

Н. Насриддинова

«Арнайы педагогика» 2-курс студентті

Ғылыми жетекші: А.К. Мурзатаева

Әлкей Марғұлан атындағы павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ

АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация. Бұл мақалада аутистік спектр бұзылысы (АСБ) бар балаларды қолдаудың заманауи әдістері және олардың тиімділік деңгейі қарастырылады. Инклюзивті білім беру жағдайында дәлелді практикаға негізделген тәсілдерді қолдану ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқудағы, әлеуметтік бейімделудегі және коммуникациялық дағдыларындағы жетістіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Мақалада АВА-терапия, ТЕАССН моделі, сенсорлық интеграция әдістері, альтернативті және қосымша коммуникация (ААС) құралдары сияқты заманауи тәсілдердің қолданылу ерекшеліктері мен ғылыми зерттеулерде дәлелденген нәтижелері талданады.

Түйін сөздер: аутистік спектр бұзылысы, инклюзивті білім, АВА-терапия, ТЕАССН, сенсорлық интеграция, коммуникация.

Аннотация. В данной статье рассматриваются современные методы поддержки детей с расстройствами аутистического спектра (РАС) и анализируется их эффективность. В условиях инклюзивного образования применение практик, основанных на доказательствах, способствует улучшению учебных достижений, социальной адаптации и коммуникативных навыков детей с особыми образовательными потребностями. В статье анализируются особенности использования таких современных подходов, как АВА-терапия, модель ТЕАССН, методы сенсорной интеграции, а также средства альтернативной и дополнительной коммуникации (ААС), опираясь на научные данные и практические результаты.

Ключевые слова: расстройства аутистического спектра, инклюзивное образование, АВА-терапия, ТЕАССН, сенсорная интеграция, коммуникация.

Abstract. This article examines modern methods of supporting children with Autism Spectrum Disorder (ASD) and evaluates their effectiveness. In the context of inclusive education, the use of evidence-based practices significantly enhances the academic per-

formance, social adaptation, and communication skills of children with special educational needs. The article analyzes the application and proven outcomes of contemporary approaches such as ABA therapy, the TEACCH model, sensory integration techniques, and Alternative and Augmentative Communication (AAC) tools.

Keywords: autism spectrum disorder, inclusive education, ABA therapy, TEACCH, sensory integration, communication.

Кіріспе

Қазіргі заманда аутистік спектр бұзылысы (АСБ) бар балаларды қолдау мәселесі педагогика мен психология саласының ең өзекті бағыттарының біріне айналды. Әлемдік статистика соңғы онжылдықта АСБ диагнозы қойылған балалар санының айтарлықтай артқанын көрсетеді, бұл инклюзивті білім беру жүйесін қайта қарауды және дәлелді практикаға негізделген тәсілдерді енгізуді талап етеді [1, б. 12–15]. АСБ әлеуметтік өзара әрекеттестік, коммуникация, мінез-құлық икемділігі және сенсорлық ақпаратты өңдеу процестерінің ерекшеліктерімен сипатталатын нейроөзішілік даму құбылысы болып табылады. Сондықтан әрбір баланың оқу ортасына бейімделу деңгейі мен даму мүмкіндіктері қолданылатын педагогикалық және терапевтік әдістердің сапасына тікелей байланысты. Инклюзивті білім беру саясаты барлық балаларға тең мүмкіндік беруді мақсат етеді, алайда аутистік спектр бұзылысы бар оқушылар үшін бұл мақсатқа жету арнайы педагогикалық қолдау, құрылымдалған орта және баланың жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқыту стратегияларын қолдануды қажет етеді [2, б. 43–45]. Қазіргі таңда халықаралық тәжірибе көрсеткендей, АВА-терапия (Applied Behavior Analysis), TEACCH бағдарламасы, сенсорлық интеграция, альтернативті және қосымша коммуникация (AAC) жүйелері және әлеуметтік дағдыларды дамыту әдістері АСБ бар балалардың эмоционалды, когнитивтік және әлеуметтік дамуын қолдауда жоғары тиімділік көрсетеді [3, б. 10–12]. Бұл тәсілдердің әрқайсысы ғылыми зерттеулерде дәлелденген нәтижелерге ие, сондықтан әлемнің көптеген елдері осы әдістерді білім беру процесіне кеңінен енгізуде. Қазақстан жағдайында да АСБ бар балаларға қолдау көрсету жүйесі біртіндеп дамып келеді. Инклюзивті білім беру стандарттары жаңартылып, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар мен түзету кабинеттерінің қызметтері кеңейтілуде. Соған қарамастан, тиімді әдістерді қолдану, мамандарды даярлау, оқу ортасын дұрыс ұйымдастыру мәселелері әлі де толық шешімін тапқан жоқ [4, б. 47]. Осыған байланысты аутистік спектр бұзылысы бар балаларды қолдаудың заманауи әдістерін ғылыми тұрғыда талдау, олардың нақты тиімділігін айқындау және білім беру практикасына енгізу жолдарын анықтау бүгінгі күннің маңызды міндеті болып табылады.

Осы зерттеу жұмысының мақсаты – АСБ бар балаларды қолдаудың заманауи әдістерін жүйелі түрде қарастыру, олардың теориялық негіздерін, қолданылу ерекшеліктерін және дәлелденген тиімділік

деңгейін талдау. Мақаланың өзектілігі қазіргі қоғамның инклюзивтілікке бағыт алуы, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуетін дамыту қажеттілігі және ғылыми негізделген педагогикалық қолдаудың маңыздылығымен айқындалады.

I тарау. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды қолдаудың заманауи әдістері

1.1. Аутистік спектр бұзылысының ерекшеліктері және педагогикалық қолдау қажеттілігі

Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың дамуы әртүрлі салада айқын ерекшеліктермен сипатталады, соның ішінде әлеуметтік коммуникацияның шектелуі, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларының бұзылуы, қайталанатын мінез-құлық үлгілері және сенсорлық сезімталдықтағы ауытқулар [1, б. 12–15]. Бұл ерекшеліктер білім беру процесіндегі негізгі қиындықтарды тудырады: бала нұсқауды қабылдауда, өз ойын жеткізуде, топтық әрекетке қатысуда, эмоцияны реттеуде қиындық көруі мүмкін. Осыған байланысты педагогикалық қолдау арнайы құрылымдалған, жүйелі және дәлелді әдістерге негізделуі тиіс.

АСБ бар балалардың дамуын қолдауда жеке тәсілдің болуы өте маңызды, себебі әр баланың қажеттілігі, даму деңгейі және әлеуеті әртүрлі. Ғылыми еңбектер аутистік спектр бұзылысы бар балалардың дамуы ерте жастан басталған түзете-дамыту жұмыстарының арқасында едәуір жақсаратынын дәлелдеген [2, б. 43–45]. Сондықтан тиімді педагогикалық модельдерді қолдану баланың білім алуы мен әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді.

1.2. АВА-терапия және қолданбалы мінез-құлық талдауының тиімділігі

Заманауи әдістердің ішінде ең кең таралғаны – АВА-терапия (Applied Behavior Analysis). Бұл әдіс мінез-құлықты талдауға, оны жүйелі түрде өзгертуге және жаңа дағдыларды қалыптастыруға бағытталған ғылыми дәлелденген тәсіл болып табылады. АВА-терапияда күрделі дағдылар шағын бөліктерге бөлініп, әр қадам балаға түсінікті етіп үйретіледі. Мұндай құрылымдалған оқыту баланың оқу материалын меңгеруін жеңілдетеді және оның танымдық белсенділігін арттырады [3, б. 10–12].

АВА-терапияның тиімділігі бірнеше аспектілерде көрінеді:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

Қиын мінез-құлықты реттеу;

Өзін-өзі күту, әлеуметтік өзара әрекет дағдыларын қалыптастыру;

Оқу мотивациясын арттыру және тапсырмаларды орындау тұрақтылығын дамыту.

Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, АВА-терапияны жүйелі түрде қолданған балалардың 40–50%-ы жалпы білім беру бағдарламасына жақындасуға мүмкіндігі бар деңгейге жетеді [3, б. 12]. Бұл әдістің

ғылыми дәлелділігі оның инклюзивті білім беруде негізгі құралдардың бірі болуына ықпал етеді.

1.3. ТЕАССН бағдарламасы және құрылымдалған оқытудың рөлі

АСБ бар балаларға қолдаудың тағы бір маңызды моделі – ТЕАССН (Treatment and Education of Autistic and related Communication-handicapped Children) бағдарламасы. Бұл бағдарлама визуалды қолдауға, күн тәртібінің тұрақтылығына, оқу ортасының айқын құрылымына сүйенеді. Балалар визуалды ақпаратты жылдам қабылдайтындықтан, ТЕАССН әдісі оқу процесінде туындайтын түсінбеушіліктерді азайтады және балаға өзін сенімді сезінуге мүмкіндік береді [2, б. 10–12].

ТЕАССН бағдарламасының негізгі артықшылықтары: Оқу ортасының айқын құрылымы баланың алаңдаушылығын азайтады;

Визуалды кестелер, карточкалар нұсқауды жақсы қабылдауға көмектеседі;

Бала тапсырманың ретін, мақсаттарын түсініп орындайды;

Өзін-өзі басқару дағдылары қалыптасады. Бұл әдіс әсіресе мектеп және балабақша жағдайында тиімді, себебі оқыту процесін алдын ала жоспарлауға және әр оқушы үшін жеке бағдарлама жасауға мүмкіндік береді.

1.4. Сенсорлық интеграция және альтернативті коммуникация (ААС) құралдарының маңызы

АСБ бар балалардың басым бөлігінде сенсорлық сезімталдықтың бұзылуы кездеседі. Жарыққа, дыбысқа, иіс пен жанасуға жоғары немесе төмен сезімталдық балаға оқу мен өзара әрекеттесуде кедергі келтіреді [4, б. 47]. Сенсорлық интеграция терапиясы жүйке жүйесінің сезімдік ақпаратты дұрысырақ өңдеуіне ықпал етеді, бұл баланың эмоциясын реттеуге, зейінін шоғырландыруға және моторлық дағдыларын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, коммуникацияда қиындық көретін балалар үшін ААС – альтернативті және қосымша коммуникация құралдары (суретті карточкалар, PECS жүйесі, сөйлеуді синтездейтін құрылғылар) өте тиімді. ААС балалардың қажеттілігін жеткізуіне мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың мазасыздығын төмендетеді және әлеуметтік қарым-қатынасқа қатысуын арттырады [3].

Қорытынды

Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды қолдаудың заманауи әдістерін талдау олардың дамуын қамтамасыз етуде ғылыми дәлелденген, құрылымдалған және кешенді тәсілдердің ерекше маңызды екенін айқын көрсетті. АСБ – біркелкі көрініс бермейтін, әр балада әртүрлі деңгейде байқалатын нейроөзішілік даму ерекшелігі болғандықтан, педагогикалық және психологиялық қолдау әр оқушының жеке қажеттілігіне бейімделуі тиіс. Заманауи зерттеулер көрсеткендей, дәлелді практикаға негізделген әдістерді қолдану баланың коммуникативтік дағдыларын, әлеуметтік өзара әрекеттесуін, зейін тұрақтылығын, мінез-

құлықты реттеу қабілетін және оқу мотивациясын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. АВА-терапия баланың мінез-құлқын жүйелі талдауға және мақсатты түрде өзгертуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ең тиімді әрі кең таралған әдістердің бірі болып табылады. Оның құрылымдалған, кадамдық тәсілі күрделі дағдыларды кешенді меңгеруге жағдай жасайды. ТЕАССН бағдарламасы оқу ортасын визуалды және кеңістіктік тұрғыдан реттеудің тиімді құралы ретінде ерекшеленеді, себебі балаларға түсінікті, алдын ала болжанатын орта олардың эмоционалдық тұрақтылығын арттырады және оқудағы өзіндік реттелуді күшейтеді. Сенсорлық интеграция әдістері баланың сезімдік ақпаратты өңдеуін жақсартып, әлеуметтік-эмоционалдық реттелуді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. ААС жүйелері коммуникация мүмкіндігін кеңейту арқылы баланың қажеттілігін жеткізу дағдысын қалыптастырып, оның әлеуметтік ортада еркін әрекет етуін жеңілдетеді. Бұл әдістерді кешенді, үйлесімді түрде қолдану АСБ бар балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Зерттеу барысында анықталғандай, тек бір әдіске ғана сүйену жеткіліксіз; тиімді нәтиже интеграцияланған, көп модальды қолдау жүйесін құру арқылы ғана іске асады. Педагогтың, дефектологтың, психологтың, логопедтің, ата-ананың және әлеуметтік мамандардың бірлескен жұмысы баланың өмір сапасын арттырып, оның әлеуметтену мүмкіндігін кеңейтеді. Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған саясат осы әдістерді білім беру ұйымдарына енгізуге жағдай жасап отыр. Дегенмен тәжірибеде кездесетін қиындықтар – мамандардың жетіспеуі, материалдық-техникалық база әлсіздігі, ата-аналардың ақпараттану деңгейінің төмендігі – жүйелі түрде шешуді қажет етеді. Сондықтан АСБ бар балаларды қолдаудың заманауи әдістерін практикаға енгізу үшін кадрларды даярлау, ғылыми зерттеулерді күшейту, әдістемелік ресурстарды жаңарту және инклюзивті орта құру бағытында қосымша жұмыстар атқарылуы тиіс. Жалпы алғанда, аутистік спектр бұзылысы бар балаларды қолдау – тек педагогикалық міндет емес, ол қоғамның барлық мүшесі үшін жауапты, адамгершілікке негізделген әлеуметтік миссия. Заманауи әдістердің тиімді қолданылуы арқылы мұндай балалардың әлеуетін толық ашуға, олардың тәуелсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға және қоғамға белсенді интеграциялануына кең мүмкіндік туады. Сондықтан білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – әр балаға жеке бағытталған, ғылыми негізделген, қолжетімді және тұрақты қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

Әдебиеттер

1. Назарова, Л.М. Инклюзивті білім беру: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 215 б.
2. Жүнісбекова, Г. Инклюзивті педагогика: оқулық. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 304 б.
3. Smith, T., & Iwata, B. Applied Behavior Analysis in Autism Treatment. – New York: Academic Press, 2020. – 280 p.

